

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



**«ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН
ТӘЖІРИБЕ»**

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

Ақтау-2023

**ӘӨЖ
КБЖ
С**

Маңғыстау облысы білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 27.04.2023ж. №1 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған

Редакциялық кеңес:
Үмбетова Жаңагүл Жұмахметқызы (төраға)
Жұмабаева Жеміскүл Жеткізгенқызы
Мамаева Ақмоншақ Серікқызы
Байсейітова Өрік Қылышқызы

Тілдерді оқыту: инновациялық әдістер мен тәжірибе республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясының материалдары – Ақтау-2023. 144 б.

**144 бет.
ISBN**

«Тілдерді оқыту: инновациялық әдістер мен тәжірибе» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясының материалдар жинағына конференция қатысушыларының қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерін оқытуда табысты сабақ өткізуі, сабақ мақсатына жетуі үшін қолданылатын инновациялық технологиялары, шығармашылық жұмыстары еніп отыр.

Жинақ білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндері мұғалімдеріне арналған.

**ӘӨЖ
КБЖ**

ISBN

АЛҒЫ СӨЗ

Үмбетова Жаңагүл Жұмахметқызы
Маңғыстау облысы Білім басқармасы
Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының директоры

Республикалық «Тілдерді оқыту: инновациялық әдістер мен тәжірибе» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға қош келдіңіздер!

Бүгінгі алғаш рет ұйымдастырылып отырған республикалық конференцияда Қазақстан Республикасы Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тіл білімінің ғалымдары мен өзге облыстардың тәжірибелі педагогтері тілдерді оқытудағы заманауи әдіс-тәсілдермен, өздерінің іс-тәжірибелерімен бөліспек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы *«Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек»* дейді. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалім жан-жақты білімді, ізденімпаз болуы шарт. Сонымен қатар, заманауи әдіс-тәсілдерді, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жетік меңгерген маман болмаққа керек.

Сонда ғана қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілін – әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет ететін тіл ретінде тең дәрежеде оқытуға күш сала аламыз.

Заман талабына сай білімі мен білігі, рухы мен мәдениеті озық мұғалімнің ғана шәкірт алдында беделі биік болары сөзсіз.

Біздің облысымызда осындай педагогтердің қатары жыл сайын толығып келе жатқандығы көңіл қуантады.

Маңғыстау облысындағы 145 мектептегі 16747 педагогтің 26,88%-ы тілші мұғалімдерді (*қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі*) құрайды. Олардың 2%-ға жуығы шебер педагогтер санатында, 16%-дан астамы зерттеуші, 38%-ға жуығы сарапшы және модератор санатындағы педагогтер.

Жыл сайынғы үздіктердің ішіндегі ең үздік педагогтің еңбегін тануға мүмкіндік беретін республикалық «Үздік педагог» байқауынан соңғы он жылда өлкеміздің 35 педагогі жеңімпаз атанды. Оның 12-сі – тілші мұғалімдер.

Педагогтердің кәсіби-шығармашылық интеллектісін қалыптастыруға, олардың кәсіби байланыстарын кеңейтуге, дамытуға

жәрдемдесу мақсатында 18 қауымдастық құрылып, жоспарлы түрде өз жұмысын жүйелі атқарып келеді. Соның ішінде, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басын біріктіретін, әр педагогтің шығармашылығын шыңдауға қолдау көрсететін Бақыт Балұлы атындағы «Шыңдалу» мектебін атап өткенді жөн көріп отырмын. Мектептің мақсаты – айқын, талабы – жоғары. Осы «Шыңдалу» мектебінің белді мүшесі, Мұнайлы ауданы, Шоғы Мұңалұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Алдабергенова Замира жоғарыда атап өткен «Үздік педагог» республикалық байқауында үздіктер қатарынан көрініп, оған 1000 (2756000 тг) еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде сыйақы тағайындалды.

Педагогтердің тынымсыз еңбегі мен жүйелі жұмыстарының нәтижесінде 2022 жылдың өзінде 44 оқушымыз республикалық Әбіш, Абай, Мұқағали, Жамбыл, Ілияс, Мәшһүр Жүсіп оқулары байқауларынан жүлделі орындарды қанжығасына байлады.

Ал кеше ғана 17-21 сәуір аралығында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша өткен республикалық олимпиадаға Маңғыстау облысынан 30 оқушы қатысып, 16 оқушы жеңімпаз атанды. Оның ішінде, тілдер бойынша 3 оқушы I орынды, 1 оқушы II орынды, 7 оқушы III орынды иеленді.

Бұл – пән мұғалімдерінің тынымсыз еңбегінің жемісі деп білемін.

Биылғы оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұғалім тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тарту арнайы бағдарламасына сәйкес облыста өз жұмысын бастаған 9 педагогтің екеуі тілші мұғалімдер, бірі – ағылшын, екіншісі – орыс тілі пәні мұғалімі.

Соның бірі Ақтау қаласының №1 мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Пушенова Эльмира Ермековна облыстық шараларда белсенділік танытып келеді. Облыстық байқау, олимпиадалардың, сараптамалық кеңестердің белді мүшесі, орыс тілі пәні мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсетуші маман. Оқушылары қалалық, облыстық олимпиадалардың, республикалық эссе байқауларының жеңімпаздары. Бүгінгі конференцияның модераторы.

Сонымен қатар, білім беру жүйесін ілгерілетуде өлкеде бірқатар жобалар да қарқынды жүзеге асырылуда. Соның бірі – Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруға арналған ірі-ірі жобалар. Олар Түпқараған ауданы, Маршал Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының кітапханашысы Анар Бекбосинованың «Бір

бірлестік. Бір кітап. Бір сахна» жобасы мен Қарақия ауданы, №9 бастауыш мектептің директоры Гүлназ Ибраеваның «Команда құр! 20 минут кітап оқы!» авторлық жобасы. Бірі – мектептегі пән бірлестіктерінің бір шығарманы оқып, сахналық қойылым арқылы көрерменге жеткізу шеберлігін дәріптейтін жоба болса, екіншісі – «Мектеп – ата-ана – ұстаз» үштік одағының жұмысын насихаттайтын жоба. Бұл жобада 2 ата-ана баласымен бірге 6 айда 6 кітап, 8 айда 8 кітап оқып, белгілі бір сыннан өтіп, әрқайсысы мектеп ұсынған 35 мың теңгелік сыйлықты ұтып алады.

Бұл оқушы мен ата-ананың да, педагогтің де білім-білігін, қызығушылығын аттыратынына сенімім мол.

Сонымен қатар, биыл облыс әкімдігінің қолдауымен «Серіктес топтардың: қала-ауыл мектептерінің даму стратегиясын қалыптастыру» менторлық жобасы да жүзеге асырылды.

Мектептің даму стратегиясы алдымен мұғалімдердің көзқарастарын өзгерту, санасын жаңғырту, дағдыларыларын қайта қарау арқылы жаңа мектеп моделін қалыптастыру, біріге отырып, дамудың жаңа сатысына көтерілу үшін керек. Сондықтан облыстың білім сапасын арттыру үшін әр мектептің алдағы жылдарға арналған нақты стратегиясы қажет деп шештік.

Педагогтердің белсенділігі мен беделін арттыруда оң нәтиже көрсететін осындай жобаларды әркез қолдайтын боламыз.

ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІНІҢ САБАҚ МАҚСАТЫМЕН СӘЙКЕСТІГІ

Булатбаева Кулжанат Нурымжановна
Пед. ғ. докторы, Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
бас ғылыми қызметкері

Мектеп мұғалімі үшін әр сабақтың мақсаты анық және тақырыпқа негізделген болуы тиіс. Ал тақырып дегеніміз, алдымен іріктеп алынған тақырыптық минимумның бір бөлігі. Бір оқу жылында 8-10 тақырып қамтылады. Сондықтан, сол тақырып бойынша оқушыға қажетті құзыреттілікті сабақтардың топтамасы аясында қалыптастыру қажет деп санаймыз. Сабақ мақсаты анық болмай, бағалау критерийлері анық болмайды. Стратегиялық мақсаттың (коммуникативтік құзыреттілік) дұрыс анықталуы және аралық міндеттердің болуы (тілдік құзыреттілік

- фонетикалық-орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық біліктер; сөйлеу құзыреттілігі – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым; елтанымдық құзыреттілік) әдістемелік шарт болып саналады.

Бүгінгі алынып жүрген сөйлеу құзыреттілігі – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым – негізгі коммуникативтік құзыреттіліктің ағымдағы бір бөлігі болып саналып отыр. Ол толыққанды және нақты болмағандықтан, мұғалім де, оқушы да өзінің тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым бойынша қабілеттерін бағалауға, олардың даму деңгейін анықтауға қиналады. Ал егер нақты тақырып бойынша ол мәтін құрастыра алса, тақырыпты тақырыпшалар негізінде аша білсе, сол тақырып төңірегінде диалог түрінде қарым-қатынас жасай білсе, сабақтардың тақырыптық бір блогы бойынша критерийлерді де нақтылауға болады.

Әр тақырыптық модуль бойынша бағалау критерийлері күтілетін білім, оның оқу әрекетінде және өмірлік жағдаяттарда қолдануын қамтуы қажет. Оқушы тыңдалым немесе оқылымның деңгейін анықтауға қиналады. Мұғалімге де ол біліктер абстракция болып қалып отыр. Ал егер тақырып арқылы мәтіннің көлемі, тақырыпшаладың қажетті саны мен тізімі, қолданылған лексикалық және грамматикалық құралдар бақыланса, мұғалім мен оқушы нақты нәтижелерді сипаттауға дағдыланады және сол құзыреттілікті дамытуға жол айғындала түседі.

Мысалы: Бір тақырыптық модуль бойынша «....»

а) тақырып бойынша сөздердің дұрыс дыбысталуы; берілген тақырыпшаға қажетті лексиканы теру білігі; берілген бір ойды синонимдік құралдармен алмастыру қабілеті ;

б) оқыған мәліметті қысқаша мазмұндап беру білігі; тақырыпша бойынша мәтін құрастыру;

в) диалогты бастау, жалғастыру, аяқтау білігі; диалог және монолог түрінде тақырыпшаларды ашу қабілеті сияқты құзіреттіліктерді бақылауға мүмкіндік туады. **Бұлар** ағымдағы құзыреттіліктер, тақырыптық модуль ішіндегі сатылап қалыптастырылатын қабілеттер. Ал қорытынды құзыреттіліктер ретінде толық мазмұннан кейін бағалаудың жалпы критерийлері - шет тілін меңгеру деңгейін диалог және монолог арқылы тексеруді айтамыз. Қорытынды құзыреттіліктер – айтылым, жазылым, тілдесімге түсу, оны жалғастыру, аяқтау, тіл этикетінің ережелерін сақтау, ойды айту барысында қарым-қатынас жағдаятын, сөйлесушінің статусын ескеру сияқты оқушы қабілеттері сынға алынады.

Ағымдағы бағалау критерийлеріне тоқталайық.

Тыңдалым және оқылым арқылы сөйлеудің лексикалық дағдыларын бағалау критерийлері (0-100 балл):

оқылымда орфоэпиялық нормаларды ұстану (0-10 балл);

- негізгі белгілері арқылы оқыған мәтіннің түрін анықтау (хабарлау/сипаттау/пайымдау) (0-20 балл);

- тақырыпшалар бойынша мәтіннің кілтті сөздерін теру және оларға синонимдер мен антонимдерді табу (0-20 балл);

- тақырып көлеміндегі сөздерді дұрыс жазу (0-20 балл) ;

- тақырыпша (лар) бойынша жеткілікті деңгейде сөз қорының болуы (0-30 баллов).

Сөйлеу грамматикалық дағдыларын бағалау критерийлері (0-100 балл):

мәтіндегі кілтті сөйлемдердің грамматикалық негіздерін табу және баяндауыш ролін атқаратын сөз табын анықтау (0-10 балл);

-сөйлемнің грамматикалық негізін жайылту, күрделендірудің әр түрлі тәсілдерін меңгеруі (0-30 балл);

- жазудағы орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық (0-15 балл);

- берілген сөйлемге синонимдік конструкциялар келтіру (15 балл);

- мәтінді мағына немесе форма жағынан өзгерте білу (30 балл).

Диалогтық қарым-қатынас жасау білігін бағалау критерийлері (0-100 балл):

бір оқушы айтқан ілікпе сөздің саны (0-15 балл);

- бір оқушы айтқан инициативтік жіне реактивтік ілікпе сөздердің сандық ара-қатынасы (0-20 балл);

- оқушының ілікпе сөзінің мазмұндығы (мағыналығы), сөйлеу мақсатының әртүрлігі (0-40 балл);

- тіл этикетінің нормаларының сақталуы /ережелерінің орындалуы (әңгімелесушінің статусының, онымен қарым-қатынас типінің ескерілуі, қолданған лексикалық-грамматикалық құралдарының қарым-қатынас жағдаятына сәйкес келуі) (0-15 балл).

- ілікпе сөздердің табиғилығы (орынды толықсыздық, эмоционалдылық, темп,орынсыз тоқтаулардың болу/болмауы) (0-20 балл).

Монолог түрінде сөйлеуді бағалау критерийлері (0-100 балл):

мәтіндегі кілтті сөздерді табу білігі(10 б.);

- мәтіндегі тақырыпшаларды анықтау, мәтін жоспарын құрастыру (10 б.);

- сөйлемдерден микромәтін құрастыру, микромәтіндерді байланыстырып толыққанды мәтін құрастыру білігі (15 б.);
- мәтінді анықтауыштармен, антоним, синонимдермен толықтыру білігі (15б.);
- мәтінді мазмұндау білігі (25 б);
- Оқыған мәлімет бойынша өз пікірін айта білу білігі (25б.).

Қорытынды бағалаудың критерийлері басқа болып келеді.

Жазбаша монолог айтылымын бағалау критерийлері:

1. Мағыналық/мазмұндық/ақпараттылық – жалпы 50 балл, соның ішінде:

- а) мәтін көлемі (сөз немесе сөйлем саны) (10);
- б) тақырыпшалар саны(10);
- в) тақырыпшалардың ашылу деңгейі (15);
- г) логикалық үйлесімдік (тақырыпшалардың байланысы, тақырыптың толық ашылып, аяқталуы) (15).

2. Тілдік құралдардың дұрыс қолданылуы– жалпы 50 балл, оның ішінде:

- а) лексика аясында (20);
- б) грамматика аясында (морфология, синтаксис) (30).

Критерийлердің анық, саналуға жататын болуы тиіс. Сонда мұғалім де, оқушы да оқу нәтижесін көре алатын болады. Қорытынды бағалауда сөйлеудегі айтылым мен жазылым алынып, коммуникативтік құзыреттілік бағаланатын болады. Төмендегі кестеде соның іске асырылу жолын көрсетіп отырмыз (Кесте 1)

Кесте 1- Қорытынды бағалауда қолданылатын критерийлері мен дескрипторлар

Сынып	11	
Критерийлер	Ауызша монолог тілді бағалау дескрипторлары	Жазбаша монолог тілді бағалау дескрипторлары

1 Мәтін көлемі Мах - 10 балл	50 сөз - 10 балл- «үздік» 40-49 сөз - 8-9 балл - «жақсы» 30-40 сөз – 6-7 балл - «қанағаттанарлық» 30 сөзден төмен – 0-5 балл - «қанағаттанарлықсыз »	230-250 сөз–10 балл- «үздік» 200-230 сөз –8-9 балл - «жақсы» 140-200 сөз –6-7 балл - «қанағаттанарлық» 140 сөзден төмен – 0-5 балл - «қанағаттанарлықсыз»
2 Тақырыпша лар саны Мах - 10 балл	4 – 10 балл- «үздік» 3 –8-9 балл - «жақсы» 2 – 6-7 балл - «қанағаттанарлық» 1 – 0-5 балл - «қанағаттанарлықсыз »	7 – 10 балл- «үздік» 5-6 –8-9 балл - «жақсы» 4 – 6-7 балл - «қанағаттанарлық» 3 – 0-5 балл - «қанағаттанарлықсыз»
3 Тақырыпша лардың ашылуы және адресатпен қатынасты орната білуі, коммуникат ивтік регистрлерді ң әртүрлілігі . Мах - 15 балл	Жоғары деңгей: тақырыпшалар бойынша сөздердің орташа саны- 35-40, мәтінді диалогизациялау тәсілін қолдану, қатынаскұрушы құралдарды еркін қолдануы, коммуникативтік регистрлердің орынды және тиімді алмасуы – 14-15 балл -«үздік». Жеткілікті деңгей: тақырыпшалар бойынша сөздердің орташа саны - 30-35, қатынаскұрушы құралдарды ерекше адресация тәсілсіз дұрыс қолдануы, коммуникативтік регистрлердің толық жүзеге асырылмауы, белгілі этикеттік сөйлеу әрекеттерін ғана қолдану – 13 -10 баллов - «жақсы» және т.б.	

<p>4 Жазбаша монолог тіліндегі логикалық үйлесімдік Мах - 15 балл</p>	<p>Мәтіннің тақырыптық бірлестігі-15-14 балл - «үздік». Линейлік-жайылма байланыс –13-10 балл - «жақсы». Параллельдік байланыс – 9-7 балл - «қанағаттанарлық». Бірізді байланыс – 6 және одан төмен балл - «қанағаттанарлықсыз».</p>
<p>5 Ауызша және жазбаша монологтың тілдік дұрыстығы Ауызша монолог: мах - 35 балл Жазбаша монолог: мах - 50 балл</p>	<p>Әрбір лексикалық, морфологиялық және синтаксистік категе 0,25 балдан алынады. 1) 1-3 қате - 35-33 б. (ауызша), 50- 48 б. (жазбаша) - “үздік” 2) 4-8 қате - 32-26 б. (ауызша), 47-43 б. (жазбаша)- “жақсы” 3) 9-12 қате - 25- 22 б. (ауызша), 42-39 б. (жазбаша) - «қанағаттанарлық»”</p>

Беріліп отырған бағалау критерийлері пән мазмұнын анықтауда және стандарт, оқу бағдарламалары және оқулықтар әзірлеуде; ішкі және сыртқы қорытынды бағалауда; оқу үдерісін жоспарлауда; оқу үдерісінде; білім беру сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуға оқушыларды дайындауда қолданылуға лайық деп тәжірибеден өткеннен кейін

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы, утвержденный постановлением Правительства РК № 832 от 25 июня 2012 г. – <http://www.testent.ru>

2.Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: Изучение, преподавание, оценка» ("Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment")//twirpx.com/file/218387.

3.Болатбаева К.Н., Смагулова Б.К., Сисенгалиева Г.Ж. 12-жылдық білім беру жағдайындағы критерийлік бағалау жүйесі. – “12-жылдық білім”журналы, 2013, № 3, Б.18-27

4.Булатбаева К. Н. Единые критерии оценивания языковой, речевой и коммуникативной компетенций при обучении языкам в школе и вузе [Текст] / К. Н. Булатбаева // Педагогический опыт: теория, методика, практика : материалы междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 08 окт. 2014 г.) / редкол.: О. Н. Широков [и др.]. – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2014. – 100 с. – ISBN 978-5-906626-42-4

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС ТОПТАРДА ТІЛДІ МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Спатаева Салтанат

Ш. Есенов атындағы Каспий

мемлекеттік технологиялар және инжиниринг

университетінің «Қазақ филологиясы»

кафедрасының оқытушысы, магистр

Біз модульдік оқыту технологиясы туралы өмірде естіп жүргенімізбен, оның көптеген пайдасын, өзіне тән ерекшеліктерін біле бермейміз. Бұл жердегі модуль сөзінің бастапқы мағынасы – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы.

Модульдік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Модульдік технологиялардың ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру. Оның негізгі мәні – сабақтың жоспары, ақпараттар банкі және сабақтың дидактикалық мақсаттарына қол жеткізуге бағыт беретін әдістемелік нұсқаулардан тұрады. Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», - деген өткен ғасырда айтылған

сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады деген сөз.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр.

Қайта жаңғыртатын оқу циклі ретінде оқу модулі үш құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды:

- Кіріспе бөлім(модульге, тақырыпқа енгізу)
- Сөйлесу бөлімі(оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру)
- Қорытынды бөлім(бақылау)

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Оқу материалын қысқаша сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Топтық формалар оқушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Оқушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды.

Оқу модулінің *сөйлесу* бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Оқу бөлімінің *қорытынды* бөлімі – бақылау. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі.

Модульдік оқытудың құрылымы

Модульдік оқытудың мазмұнына:

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. Балалардың білім деңгейін алдын ала бағалау;
4. Оқу әрекетінің жиынтығы;
5. Нәтижені бағалау.

Қорытынды

Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1. Уақыт үнемделеді;
2. Сабақтың сапасын көтереді;
3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады;
4. Оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Модульдік оқыту технологиясын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу ерекшелігі мынада:

1. Оқу материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы беру;
2. Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіріп үнемі қайталап отыру;
3. Оқушыларды білімге қызықтыру және бірлесе отырып жұмыс жүргізуге үйрету;
4. Оқушылардың бұрыннан игерген білімдерін тереңдете түсу;
5. Оқушының білім деңгейін дәл анықтау.

Модульдік оқыту технологиясын орыс топтарында қолдану - мемлекеттік тілді оқытуда сабақтың білім сапасын көтерудің факторы болып табылады. Өйткені қазақ тілі сабағында грамматикалық бірліктерді меңгертумен қатар оқушылардың сөйлесу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреміз. Мәселен, тілді дамыту сабағында:

Тіл дамыту

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту

Сөздік:

Адал – честный

Еңбексүйгіштік – трудолюбие

Табыс – успех

Сезе біл – уметь чувствовать

Көңіл хошы – настроение

тыныштық – спокойствие

ғұмыр бойы – всю жизнь

шыншыл – правдивый

ырзалық – благословение

тілалғыш – послушный

1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, есте сақтау. Орыс тіліндегі баламасын табу.

1. Арыңды жасыңнан сақта. *Береги честь смолоду.*

2. Жылтырағанның бәрі алтын емес. *Все блестящее не золото.*

3. Бетің қисық болса, айнаға өкпелме. *Не вини зеркало,если ты не красив.*

2-тапсырма. Берілген мәселелер бойынша пікірталас өткізу.

1. Адамды іс-әрекетіне қарап бағалау керек.
2. Әдептілік - әр адамның бет – бейнесі.
3. Баланы жастан.

IV. Бекіту.

3-тапсырма. Мәтін бойынша мазмұндама жазу.

Сенің адал өмір сүруің, еңбексүйгіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың – ата-анаң үшін айтып жеткізгісіз зор бақыт. Өз үйіңнің бағын жандыра біл.

Анаңның жүрегін сезе біл, анаңның көз жанарынан көңіл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын көре біл. Жастайыңнан анаңның көзінен жан дүниесін көре білуге үйренбесең, сен ғұмыр бойы адамгершілік тұрғысынан ақ көз боп өтесің.


Ана мен әке алдында шыншыл бол. Ата – анаңның құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсатын, ырзалығын ал.

(В.А.Сухомлинский, аударған М.Әлімбаев).

V. Сабақты қорытындылау. Венн диаграммасы.

Жағымды қасиеттер

Жағымсыз қасиеттер



VI. Үй тапсырмасы. Қайталау.

Модульдік оқытудың ерекшелігі: мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескертусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.

Қазіргі таңда оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өмірге қажетті өз болашағына азық болатын тәрбие беру де қолға алынуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.
2. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы»./Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
3. Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мамутова Гулдарига Туремуратовна
Педагогика ғылымдарының магистрі,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы
бойынша Кәсіби даму институты
Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі

Білім берудегі жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің өзінің де кәсіби тұрғыда дамуына, азаматтық ұстанымының қалыптасуына, оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруына игі әсерін тигізетіні белгілі. Мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін жоғарылатқанда ғана, үйренушілердің білім алу сапасының жоғарылауына жол ашылады. Ол үшін мұғалім білім беру саласындағы жаңалықтардан қалыс қалмай, үнемі шығармашылық ізденісте болып, өз тәжірибесіне өзгерістер енгізуі қажет.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу маңызды. Бүгінгі күні оқушының білімді дайын күйінде қабылдамай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде қабылдауының маңыздылығы жоғары екендігі дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса, сындарлы білім үйренушіден білу, түсіну, қолдану, талдау негізінде жаңа мазмұн құрастыруды және жинақтау, бағалау негізінде белсенді әрекеттерді жүзеге асыруды талап етеді. Ал оқушы бұл

талапты мұғалім әр сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолданғанда ғана орындай алады.

Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана оқушы өз тарапынан белсенділік танытып, дербестікке ұмтылады, оның өзіне деген сенімі артады.

Мұғалімнің қолдауымен оқушылар нені үйрену керек?

- Өмір сүруге бейімделу, адам, тұлға болуға ұмтылу;
- Ойлай білуге үйрену;
- Өзіндік түсінік қалыптастыруға дағдылану;
- Жаза білу, өз көзқарасы мен пікірін жазу арқылы жеткізуді үйрену;

- Білімді игерудің тиімді тәсілдерін үйрену;
- Әлеуметтік (өмірлік) тәжірибе арқылы үйрену.

Бұл білім, білік, дағдыларды оқушылар қалай үйренеді?

- Өздігінен;
- Белсенді әрекеттер арқылы;
- Бірлесе жұмыс жасау арқылы;
- Өмірмен байланыс арқылы;
- Кері байланыс арқылы;
- Рефлексия арқылы.

Кез-келген білім алушы үшін маңызды ресурс - қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Оқушылар жұмысты қандай деңгейде орындаса да, үнемі бағалануы тиіс, яғни мұғалім оқушыға үнемі тиімді кері байланыс беріп отыруы керек. Кері байланыс - белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция [2].

Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру жаңартылған оқу бағдарламасының оқу жоспарын рәсімдеуде маңызды болып табылады. Бірінші кезекте оқушылардың күшті жақтары мен олар кездестіретін қиындықтарды анықтап алу қажет. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарын бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне көмектесетін жаттығуларды жоспарлау үшін пайдаланылады. Бұл үдерісті табысты етуге көмектесетін бірқатар элементтер бар:

- мұғалімдер оқушылардың қателік жіберуге қорықпай, тәуекелге бару мәдениетін қолдайды;

- мұғалімдер оқушыларға өз жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін ойлап табуға көмектесу мақсатында барлық оқушылармен қарым-қатынас жасайды;

- мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеу арқылы, мақсатқа жетуді бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;

- мұғалімдер әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;

- мұғалімдер оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбаша кері байланыс ұсынады, бұл кері байланыс уақтылы, айқын болып, нақты критерийлерге негізделеді.

Кері байланыс барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Сұхбат барысында оқушының сөздік қоры молаяды. Қарапайым тілмен түсіндіруден бастап, деңгейі жоғарылаған сайын оқушы мазмұны күрделі сөздерді қолдануға бейімделеді. Мұғалім әр оқушының даму траекториясын қалыптастыру үшін олардың қабілеті мен сұранысына сай тиімді кері байланыс ұсына білуі қажет. Кейбір оқушылар белгіленген мақсатқа қол жеткізуі үшін арнайы көмекті қажетсінеді. Көмек ауқымы мен деңгейі де оқушы қажеттілігіне сай сараланған болуы тиіс.

Кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау

1-мысал

Қазақ тілі, 9-сынып

Сабақтың тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері

Оқу мақсаты:

Ж.9.3.6.1. Жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау [5].

Тапсырма

«Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтінге бір оқушы аннотация, екінші оқушы тезис жазады, мәтінді абзацтарға бөледі. Жұптасып, бір-бірінің жұмыстарына логикалық түзетулер енгізіп, редакциялайды.

Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамға өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді.

Мәтінді өзара редакциялаудың кезеңдері:

1-кезең: қошемет сөздер

2-кезең: ұсыныстар

3-кезең. түзетулер

Жағымды жақтарын анықтап болған соң, мәтінді қалай жақсартуға болатыны туралы нақты ұсыныс жасауы керек. Соңында логикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды [3].

Оқушылар осылайша бір-біріне кері байланыс береді. Қалыптастырушы бағалау да кері байланыс арқылы жүргізіледі. Оқушы үшін мұғалімнің ауызша, жазбаша кері байланысының маңызы өте зор. Тиімді кері байланыс арқылы оқушы өзінің тапсырманы қалай орындағанын, жетілдіру үшін не істеу керектігін түсініп, дер кезінде қателігін түзетуге бағыт-бағдар алады.

Мысалы осы тапсырмаға мынадай үлгіде кері байланыс ұсынуға болады: абзацтарға дұрыс бөлгенсің, редакциялауың сәтті шыққан, тың деректер мен детальдерді ұтымды пайдаланғансың, ұсыныс білдіруде нақтылық қажет, логикалық түзетулер енгізуде мұқият бол, ойыңды жинақтап, жүйелеп жаз, т.б.

2-мысал:

Қазақ әдебиеті, 5-сынып

Бөлім: Адамгершілік - асыл қасиет

Сабақтың тақырыбы: М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі

Оқу мақсаты:

Т/Ж 5.1.2.1 - әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау [4].

Тапсырма

«Бөліскім келеді» әдісі

Жүзеге асыру қадамдары:

- Пікір алмасу (диалог) топта жүргізіледі;
- Топ мүшелері мәтінді бөліктерге бөліп оқиды;
- Әр топ өкілі өз оқығандарын кезектесіп басқаларына баяндайды;
- Бір-бірін мұқият тыңдайды, түсіну үшін сұрақ қояды («Мен сені дұрыс түсіндім бе?» «Егер мен дұрыс түсінсем,...» «Бұл солай ма?»...)
- Осыдан соң әр топ мүшесі кестені толтырып мұғалімге тапсырады.

[4].

Өзара бағалау парағы

То п	Баяндаушылардың айтқаны тыңдаушыларға бірден түсінікті болды ма? Олар не туралы айтты?	Тыңдаушылардың сұрақтары баяндаушыларға түсінікті болды ма?	Барлық сұраққа баяндаушы немесе айтушы жауап бере алды ма?	Тыңдаушылардың сұрағы баяндаушыларға кедергі келтірді ме немесе қорытынды жасауға көмектесті ме?
---------	--	---	--	--

Оқушылар осылайша бір-біріне кері байланыс береді. Қалыптастырушы бағалау да кері байланыс арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар заманауи білім беруде сандық білім беру ресурстары арқылы да кері байланыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

1. Google қосымшалары: Google Forms, Google Docs, Google Classroom Google кесте, Jamboard тақтасы, т.б.

2. Web-ресурстар: LearningApps, Kahoot, т.б.

3-мысал:

Қазақ әдебиеті, 9-сынып

Бөлім: Мәңгілік ел-мәңгілік мұрат

Сабақтың тақырыбы: Кнут Гамсун «Аштық» романы

Оқу мақсаты:

Т.Ж.9.1.3.1. Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.

Тапсырма

«Ой күмбезі» әдісі арқылы шығарманың идеясына сай кейіпкер жүйесін ашады (жеке жұмыс).

LearningApps бағдарламасы бойынша тапсырма орындау және кері байланыс үлгісі.

Бағыттары	Түсініктеме
Ой қазығы	<i>Негізгі сөзді тауып, түсінік беру</i> Кейіпкер – Ведель-Ярльсберг
Ой желісі	<i>Негізгі сөзден өрбитін ойды талдап, жан-жақты зерделеу</i>

	Жаны нәзік, өзгеше жан, әсершіл адам, тез күйіп, тез суитын, санасы сансыраған, күйзелген көңіл-күй, тез сабасына түсетін тұлға, т.б.
Ой өрімі	<p><i>Түйінді сөзді жинақтау, дәлелдеу, өзге ұқсайтын құбылыстармен салыстыру (сөйлем жазу):</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Аштық қысса да, адамгершілігіне көлеңке түсірмейді. - Адамдықтың адал жібін аттамайды. - Еңсесін езген тұрмыс тепкісіне шыдайды. - Өзегін өртеген жоқшылық үшін қоғамды кінәламайды.
Ой күмбезі	<p><i>Ойдың маңызы мен мәнін ашып, қажеттілігі мен орнын айқындап, баға беру (түйін)</i></p> <p>Өзінің дарындылығына сенімі мол кейіпкер аштықтан азап шексе де, намысын қолдан бермеуге тырысады. Тәні мен жаны ауырған ол өзінің ішкі дүниесін елес пен қиялға толтырады. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жаппай енжарлықтың тас қабырғасын құлатып, өзін қалың қауымға танытатынына сенеді. Иіліп-бүгіліп өмір сүргеннен тік тұрып, өлгенді артық санайды.</p>

Кері байланыс оқушылар арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына да ықпал етеді. Сыныпта өз ойларын еркін жеткізе алмай, үндемей отыратын оқушылар да ашыла бастайды, оқушылар өз ойларын ашық түрде білдіреді, өз идеяларын, пікірлерін дәлелдеуге қызығушылықтары артады. Қажетті жетістікке жетуде кері байланыс қаншалықты жиі берілсе, соншалықты оқушының оқуға деген оң ынтасының артатыны байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Алимов. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.
2. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған

- нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.
3. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Үлестірме материал, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.
 4. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.
 5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша.
 6. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша.

ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ: ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМ

Копбергенова Санбиби Сабырбаевна
Ақтау қаласы, ПШО менеджері,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі. педагог-шебер,
педагогика ғылымдарының магистрі

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Елбасымыз білім саласына қойылған талаптары ерекше. Біз тәрбиелеп отырған ұрпақ дүниенің кез-келген жерінде білім алуға, қызмет атқаруға қабілетті, ғылым мен техниканың кез-келген саласын меңгере отырып, тіл меңгеру қабілеті жоғары, бәсекесестікке қабілетті болуы тиіс.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттерінің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі- маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі дамыған қоғам деңгейінде еліміздің ертеңі үшін мектеп қабырғасынан шығармашылық қабілеті дамыған, әлеуметтік белсенділігі жоғары тұлғаларды тәрбиелеп шығару қажеттілік деп санасақ, оның негізі осы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда жатыр.

Қазақ тілі - жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетінің көзін ашу және оның үздіксіз дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін пәннің бірі.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құнды-лықтары да жатады. ҚР-ның

педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі ұлттық тіліміз арқылы қаланбақ. Сондықтан да ана тілімізді әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

- пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- таным заңдылығы мен пәндік амал-тәсілдердің неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарын барынша ескеруге мүмкіндік беруі;

- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сай болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландыру болып табылады (Ұлттық білім академиясы, 2016).

"Тіл және әдебиет" білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын таңдау; фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі жоспарлар құру үшін; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтайды; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстырады;

Оқылған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі және қойылған коммуникативті міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан; өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды, ықшамсабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Сабақтың өн бойында Қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, өмір бойы білім алу құндылықтарына баулуды көздедім. Тақырып қажеттілігіне орай **жазылым** дағдысын негіз етіп, оқылым, тыңдалым, айтылым дағдысын жанама түрде қолдандым. Оқушыларға

жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз еттім, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастырдым. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады.

Сабағымды оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгере алуына билік беру, ізгілендіру ұстанымдары арқылы жүзеге асыруды көздедім. Оқушының жеке траекториясын ескере отырып, сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақ мақсатына жетелейтін белсенді әдіс-тәсілдерді нәтижеге бағыттап тиімді қолдана алдым. Оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс тауып, барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылды. Сабағымның бастапқы кезеңінде уәж туындату, оқушыны сабаққа ынталандыру және жаңа тақырыпты жариялау мақсатында оқушыларға түрлі түсті конверттер үлестіру арқылы топқа бөліп, конверттегі ребус, жұмбақтарды шешу арқылы сабағымның тақырыбы мен мақсатын таныстырдым. **Жазылым алдында** оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін **«Құндылық пирамидасына»** адам бойына жақсы мінез қалыптастыру үшін қажетті құндылықтарды ретімен орналастыруды ұсындым. **Жазылым кезінде** жинақ мәтін жазуға дайындық ретінде **«Танысу үшін оқу және сканерлеу»** әдісін анағұрлым тиімді деп таптым. Мәтінмен танысқаннан соң қажет деп тапқандары жоғарыда құрастырған **«Құндылықтар пирамидасына»** қайта оралып, түзетулер енгізді. **«Балық қаңқасы»** әдісі арқылы жинақы мәтін жазуда басшылыққа алатын негізгі ақпарттарды, тірек сөздер мен қорытындыны анықтады. Оқу мақсатын жүзеге асыру мақсатында **жинақы мәтін** жазғызып, топта оқытып, үздігін **«Ыстық орындық»** әдісі арқылы ортаға шығарды. Сабақ барысында әрбір оқушының өзінің және сыныптастарының әрекетіне эмоциялық қолдау көрсетіліп отырды. Мәтіннен алған білімін қолданып **«Детальдарын қосу»** әдісі арқылы, оқушылар алған білімін толықтырса, жазылымнан кейінгі тапсырмада оқушы алған білімін **«Бір сөйлеммен түйіндеу»** әдісі арқылы жинақтады. Сабақ соңында **«Бағалау бетшесі»** арқылы кері байланыс орнаттым. Сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отырдым.

ИННОВАЦИОННЫЕ КОММУНИКАТИВНЫЕ ПОДХОДЫ В ОБУЧЕНИИ ЧТЕНИЮ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Танатарова Назерке Канатбековна
Абай облысы білім басқармасы
Жарма ауданы бойынша білім бөлімінің
«Маяковский атындағы орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пән мұғалімі

Чтение это один из четырех языковых навыков: чтение, письмо, аудирование и разговорная речь. Это рецептивный вид речевой деятельности, разница только в восприятии – вместо устной речи мы расшифровываем письменную. Это означает, что оно предполагает реагирование на текст, а не его создание. Очень часто мы можем сказать, что чтение включает в себя осмысление написанного текста. Для этого нам нужно понимать язык текста на уровне слов, предложений или всего текста. Также необходимо связать сообщение текста с нашим знанием мира.

Посмотрите, например, на это предложение:

The boy was surprised because the girl was much faster at running than he was.

Мальчик был удивлен, потому что девочка бегала намного быстрее, чем он.

Чтобы понять это предложение, нам нужно понять, что такое буквы, как буквы соединяются вместе, чтобы составить слова, что означают слова, а также грамматику слов и предложения. Связанный текст называется дискурсом. Дискурс связан грамматикой и лексикой и/или нашим знанием мира. Чтение включает в себя понимание этих связей. Например, «*The boy was surprised because the girl was much faster at running than he was. But after he found out that her mother had won a medal for running at the Olympic Games, he understood.*»

Мальчик был удивлен, потому что девочка бегала намного быстрее, чем он. Но после того, как он узнал, что ее мать завоевала медаль по бегу на Олимпийских играх, он понял. Второе предложение дает нам возможную причину, по которой девочка так хорошо бегала. Но мы можем понять, что это причина, только если мы знаем, что олимпийские бегуны очень хороши. Это означает, что нам нужно использовать наши знания о мире, чтобы увидеть смысловую связь между этими двумя предложениями (когерентность “coherence”). Грамматические связи

между предложениями (связность, “cohesion”) также помогают нам увидеть связь между ними. Например, во втором примере предложения «он» относится к «мальчику» в первом предложении, а «ее» относится к «девочке», а связывающим предложением является союз «после». Таким образом, понимание письменного текста включает в себя понимание языка каждого предложения и отношений между предложениями, используя наши знания языка и наши знания о мире. Чтение также предполагает использование различных навыков чтения.

Они включают:

1. Skimming: Беглый просмотр: чтение сути или основной идеи текста.
2. Scanning: Сканирование: чтение для поиска конкретной информации.
3. Extensive reading: Обширное чтение: чтение для удовольствия и общего понимания.
4. Intensive reading: чтение для получения подробностей.

Мы видим, что чтение — сложный процесс. Он включает в себя понимание букв, слов и предложений, связей между предложениями, понимание различных типов текста, осмысление текста на основе наших знаний о мире и использование соответствующего вспомогательного навыка чтения. Чтение может быть рецептивным навыком, но уж точно не пассивным!

Чтение включает в себя три этапа: before reading-до чтения, during reading - во время чтения и after reading - после чтения.

На этапе перед чтением читатель устанавливает в уме цель и план чтения. На этом этапе мы можем использовать наглядные пособия, картинки, реалии, карты и т.д., чтобы представить тему, локации. Соотнесите и свяжите эти наглядности с собственной жизнью и опытом учащихся.

Какие задания мы можем выполнить с учениками:

1. «Pre-teach unknown vocabulary» Предварительно заучите незнакомую лексику — проверьте понимание, отработайте и поиграйте в игру, чтобы попрактиковаться в использовании лексики. Для этого мы можем использовать различные веб-сайты и приложения для технической лексики, такие как: learningapps.com, liveworksheets.com. Также мы можем позволить учащимся создавать свои собственные карточки в приложении [lingvo](http://lingvo.com), пока мы изучаем каждую тему.

2. «Find the word» Найдите слово. Учитель произносит слово, и учащиеся пытаются найти его на странице (ученики могут держать

пальцы на страницах, но не открывать книги). Опять же, в этой деятельности мы можем использовать наши творческие способности и сделать эту простую задачу современной. Мы можем использовать приложения или веб-сайты, такие как: wheeloffortune.com, wordwall.net.

3. «Show» Показ - вам просто нужен ТЕКСТ и Активный ученик. Вы можете взять короткий текст и воплотить его в «движение». Попросите учащихся изобразить/показать новые слова жестами или представить себя «Kettle-Чайником» (в тексте ниже).

Weird Story:* *There is a kitchen in a big house. In the kitchen you can see weird things. There is a big, white kettle. Also the kettle has a friend. It's a big mug. The kettle always pours a tea into the mug. There is a chair. A man is sitting on a chair. Man has a piano. He is playing the piano and singing then everyone is dancing.*

Затем читатель начинает читать написанный текст — этап во время чтения. Пока он или она читает, читатель будет думать о цели чтения и о своих предшествующих знаниях. Это может происходить во время коротких пауз во время чтения. Задания на выполнение с учащимися:

Running race – отлично подойдет как для развития беглости чтения, так и для навыка «Skanning». Для начала подготовьте 4-5 вопросов, основанных на информации из текста, с одним ответом. Это задание можно выполнять на разных этапах как до чтения текста или как контрольную проверку после. Далее распределите учеников по парам и раздайте им листы перевернутые текстом вниз. Разделите вопросы на полоски и раздайте каждой паре сначала только первый вопрос. В завершение по команде скажите перевернуть листочки с текстом и начать читать, чтобы найти ответ на первый вопрос. Если ученики в паре думают, что нашли ответ, один из учеников должен добежать до стола учителя и показать ответ в тексте. Если ответ правильный, нужно отдать паре полоску со вторым или следующим вопросом. И так до конца, пока одна из пар не закончит первой.

Такое задание идеально подходит под любой текст. Чтобы усложнить задание, запишите вопросы рандомном порядке, чтобы ученикам пришлось внимательнее поработать с текстом.

Наконец, этап после чтения происходит, когда читатель заканчивает чтение написанного текста. Читателю нужно время, чтобы подумать о том, что он или она знали до чтения и что он или она узнал или с чем связан во время чтения, а затем он или она связывает эту информацию вместе, чтобы построить новые знания. Обычно задания после чтения

связаны с другими навыками, такими как устная речь или письмо. Но мы можем сделать его более креативным.

Какие задания можно выполнить с учащимися:

1. Matching (Сопоставление) – учащиеся сопоставляют картинки и предложения.


2. True or False Quizzes (Верно или неверно). Используйте простой тест для проверки понимания. Это можно написать или произнести в играх в стиле викторин. И учитель может проверить это с помощью приложения: zipGrade (подробнее на zipGrade.com)

3. “Finish the sentence” Учащиеся заканчивают предложения. Учащиеся читают половину предложения, затем завершают его и т. д.

4. Интервью с персонажами. Учащиеся разыгрывают интервью с одним из персонажей. Распределить учащимся роли персонажей. Остальной класс готовит вопросы, которые они хотели бы им задать.

На протяжении всего процесса чтения, но особенно на этапе во время чтения, стратегии чтения могут быть полезны для улучшения понимания.

Также есть один подход, который подходит для каждого этапа чтения. Чтение с разными ролями. Учитель дает каждому ученику разные роли (см. рисунок ниже).



References:

1. “Teaching Reading and Writing.” *TeachingEnglish*, www.teachingenglish.org.uk/teaching-reading-writing.

2. Spratt M., Pulverness A., Williams M. Methodology course for teachers of English. TKT Handbook for teachers, cambridgeenglish.org, 2017
3. Spratt, Mary, et al. *The TKT Course Teaching Knowledge Test: Modules 1, 2 and 3*. Cambridge University Press, 2011
4. <https://www.teachaholic.pro/kak-sdelat-chtenie-interesnym-5-nebanalnyx-aktivitiz-dlya-uroka-anglijskogo/>

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Сансызбаева Маржан Құлболдықызы
Алматы қаласы, Медеу ауданы,
№168 Қ. Қатықбаева атындағы мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мұғалім- қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылар емес үйдегі ата-аналар үшін де тау қопарар алып тұлға сияқты. Олай айтуымның да өзіндік себебі бар. Естеріңізде болса, былтырғы пандемияның ең алғашқы басталған кезінде бәріміз абдырап, әсіресе мектепке арқа сүйеп үйренген ата-аналар үшін өте бір үрейлі кезең болғаны бәрімізге мәлім. Қашықтықтан оқи отырып оқылым, айтылым және жазылым әрекетімен оның ерекшеліктерінің онлайн форматында сапалы жүзеге асыруды негізге алдым. Ол дегеніміз-көркем шығарманы оқи отырып, сұрақ құрастыра білу, түсінікті жауап қайтару,немесе оқыған шығарманы талдау арқылы өз ойын жеткізу. Аталған тапсырмалар орындау барысында біз айтылым дағдысына ғана жұмыс жүргізіп отырғандықтан жазылым дағдысы көлеңкеде қалғанына куә болып жүрміз, өкінішті. Дегенмен де, көркем шығармаларды оқи отырып, талдау барысында жазба жұмыстарының әр түрлі формада шығармашылық жұмыстары арқылы іске асырып жүргенімді тілге тиек еткім келеді.

Ақыл-өсиетке, парасатты ойға құрылған сөйлемдерді көшіріп жазу.Бұл орайда оқыған көркем шығармаларды қайта көз жүгіртіп, түртіп алатындай дәрежеге жетелейді.

Білгенінді жинақтап, **түйіндеме** жаздырту. Түйіндемені сауатты жаза білу- бүгінгі заман талабы.

«Төрт сөйлем» [1]тәсілі бойынша жұмыс жүргізу. Оқыған көркем шығармалардың жалпы мазмұнын немесе көтерілген мәселе аясында, кейіпкерлерге мінездемені төрт сөйлеммен жеткізу.Бұл-оқушыны жинақылыққа үйретеді деген ойдамын.

Сөздік жеңімпаздары. [1]Кейінгі кезде тұрақты тіркестер сөздігімен жұмыс жүргізгенді қолға алдым. Әр сабақта жаңа сөздер болуы мүмкін.Сол сөздерді сөздіктерден тауып, оқушыларға түсіндіру «Сөздік жеңімпаздарының» міндеті.Дәптерге түртіп алу керектігін ескертіп отырамын.

Сенімділік индикаторы. [1]Өзіне сенім арта білу. Берілген тапсырманы орындай аламын деген сеніммен бастауды әдетке айналдырса деген үмітпен оңайлатылған тапсырма беріледі. Оны жеке-жеке орындап дәптерге түртіп алу.

Тиімді кері байланыс [1]жаза білуге дағдыландыру, оның бала өміріндегі маңыздылығын айту. Себебі ішкі ойын жеткізу- бұл да бір үлкен жетістік. Көрген жақсылығын саралай білгеннің, өзіндік тілегін ескерте білгеннің, оны сыртқа шығара білгеннің несі айып? Біз бұл тәсілді рефлексия ретінде көп пайдаланатынымыз мәлім.

Күнделік жазу. Бұл орайда Абайдың: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал», -деген өмір бойы құндылығы жойылмайтын дана сөзін басты назарда ұстағанды жөн санаймын. Сабақ барысында да шәкірттерімнің өмірлік қағидасына айналса деген оймен үнемі саналарында жаңғыртып отырғанды жөн санаймын.Онлайн жүйесінде көбіне-көп АКТ-ны тиімді пайдалану, уақытқа бағыну арқылы оқылым, тыңдалым, айтылым дағдысын арттыру мақсатында орындап жүрген тапсырмаларының есебі жоқ.

Эссе жазу-жоғарыда айтылған тіл үйренуге қатысты жазылым түрлерінің ішінде соңғы жылдары танымал бола бастағанын біреміз. Эссе дегеніміз-[3]тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжаулар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның публицистиканың көркем жанры. Әдебиеттанушы ғалым С.Негимов «Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән»[3] деген құнды пікір айтады.

«Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің өміріне білім жүзімен ашылған сапалы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы »,-деген Мағжан Жұмабаев бабамыздың аталы сөзіне сүйенгенді жөн көрдім. Әсіресе, 9-сыныптың қазақ әдебиетінде үшінші тоқсанда стандарт бойынша берілген тақырыптар біз үшін мұңға толы тақырыптар оқытылды. Осы кездегі шығармаларды талдау кезінде оқушылармен бірлесіп қандай шығармашылық жазба жұмыстарын орындауға болады?

Ахмет Байтұрсынов тілді үйретудегі сауаттылық оқумен ғана шектеліп қалмай, жазумен қатар жүргенде ғана іске асатындығын ашып айтады. Міне, біздің ең басты қаруымыз-сауаттылық.

Бұл жерде жаппай онлайн форматына оқушылардың айтылым дағдысын арттыру мақсатымен бірдей, оларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, бойларында адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөлініп, заманына сай технологияларды пайдаланып отырған мұғалімдердің қашықтан білім беру процесінде олардың кәсіби шеберлігін арттыруға көмегін тигізу.

Бүгінгідей ел басына күн туған жағдайда Ахмет атамыздың мынадай сөзі айтып кеткенді жөн деп ойлап отырмын: «Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса» Ықылым заманнан ата-бабамыз өз ортасында айналасындағыларға жол көрсетіп, үздіксіз ақыл-кеңес беріп отырғанын біз білмейді дейсіз бе? Міне, осы орайда қазіргі кезде үнемі кәсіби біліктілігін арттырып, жаңашылдықты жанына жалау еткен мұғалімдер ғана шығармашылықпен, аса бір зор күшпен елге қызмет етуге дайын болып көрінді. Себебі заман талабы өзгерді, ендеше бізге де өзгеру керек.

Сондықтан әріптестеріме тек сәттілік тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майк Гершон «Дефференция түрлері. Дифференциацияның 80 түрлі жолы »Bit.Ly/tes_mixed_ability,2014
2. Қанатты сөздер.
3. Негимов С. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушыла:
3. Ахметов, Т. Шаубаев. – Алматы: «Ана тілі», 1996. - 254 бет.
4. Қазақ әдебиеті. «Энциклопедиялық анықтамалық». Алматы: «Аруана» ЖШС, 2005.-576 бет

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІПТІК ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

(Жас мамандарға әдістемелік-шеберлік сынып)

Масатова Майжан Жеткізгенқызы
Жаңаөзен қаласы, №23 ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер, «Үздік педагог -2021»
республикалық байқаудың жеңімпазы.

Тақырыбы	<i>«Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру»</i>
Жалпы мақсаты	<p>Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жас мамандарды педагогикалық жаңашылдыққа үйрету. Оларға әдістемелік көмек көрсету арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Сабақ барысы	уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Қатысушылардың іс-әрекеті	Ресурстар
Қызығушылығын ояту	6 минут	Мұғалім қатысушыларға «Ғажайып карттар» әдісімен психологиялық ахуал қалыптастыру. «Фонарик» әдісі арқылы топқа бөлу. Кілт сөздер: «Талдау», «Дәлелдеме» «Сын»	Қатысушылар психологиялық ахуал қалыптастырады. 3 топқа бөлінеді.	Карта, ұялы телефон, сурет
Проблеманы айқындау кезеңі Білу	5 минут	«Үш одақ» әдісі арқылы «Нағыз ұстаз моделі» тақырыбында постер қорғау	Әр топ «Нағыз ұстаз моделі» мұғалім көзімен, ата-ана көзімен, оқушы көзімен құрастырып, қорғайды.	Суреттер, ватман, маркер, желім.

Проблеманы түсіну кезеңі Түсіну	10 минут	Ұстаздардың сезіміне психологиялық бақылау 1-топ. Ақ қағазға сызылған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан. 2-топ. Жарқын шуағын төккен күн астында әр ұлттың балалары қол ұстасып тұрғаны бейнеленген. 3-топ. Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар, жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген.	Қатысушылар топ бойынша берілген тапсырмаларды орындайды. Топтық жұмыс арқылы қорғау	Суреттер
Проблеманы шешу кезеңі Қолдану	15 минут	Әдіс-тәсілдермен таныстыру. «635» әдісі, «Монофон» әдісі, жадыны дамытуға арналған ойын.	Әдіс-тәсілдермен танысып, мысал келтіріп, қолданады.	Интербел сенді тақта
Проблеманы талдау кезеңі Талдау	10 мин	SWOT - талдау әдісі(мұғалім мүсіні). Қатысушылар - күшті , әлсіз жақтарын, мүмкіндігі мен қауіп-қатерлі тұстарына талдау жасау	Қатысушылар - күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндігі мен қауіп-қатерлі тұстарына талдау жасайды.	Мұғалім мүсіні
Проблеманы жинақтау кезеңі	5 минут	kahoot.it порталы арқылы тақырыпты қорытындылау тестін орындау. Сұрақтар: 1. Мұғалім сабақ жоспарын	Әр қатысушы QR-кодты сканерлеу арқылы тақырып бойынша тестті орындайды. Жеке, топтық талдау	

		<p>әзірлеуді... бастайды;</p> <p>2. Мұғалімге сабақ жоспарын құру кезінде қажет емес құжат;</p> <p>3. Сабақтың негізгі көрсеткіші;</p> <p>4. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі;</p> <p>5. Сабақтың ... оның түрін анықтайды;</p> <p>6. Мұғалімнің басты функциясы — оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру;</p> <p>7. Сабақ жоспарын әзірлеуде мұғалімге қажетті емес оқу құралы;</p> <p>8. Оқыту құралына жатпайды;</p> <p>9. Оқу жылының аяғында оқушының үлгерімін анықтайтын — баға қорытынды баға;</p> <p>10. Мұғалімдер үшін жақсы әдістемелік көмек</p> <p>Ықтимал жауаптар:</p> <p>1. мақсаттарды анықтаудан;</p> <p>2. тәрбие жоспары;</p>		
--	--	--	--	--

		3. сабақ жоспары; 4. сабақ; 5. мақсаты; 6. басқару; 7. диафильм; 8. жаттығу; 9. дұрыс; 10. үлгі сабақтар.		
Кері байланыс. Рефлексия		«Мен жастарға сенемін». М.Жұмабаев	Қатысушылар кері байланыс орнатады.	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жаңа әдіс-тәсілдер» №6, 2021 жыл
2. Сегізбаева О.А. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, Ғылым, 1999 ж.
3. Білімдегі жаңалықтар. №3-4 2021ж.
4. Қазақстан мектебі. №11 2020 ж.

ТҮСІНУ ЖӘНЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ ҮШІН ОҚУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Бишенова Ажар Өтесінқызы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
М.Әбдіхалықов атындағы мектеп гимназиясының
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
педагог- шебер

Мен өз сөзімді Луиза Королинаның: "Білім беруді әлеуметтік және интерактивті тұрғыдан қайта қараудың уақыты келді, мұнда әркім түсініледі, танылады және бағаланады" деген дәйексөзінен бастағым келеді.

Оқу кезінде сыни тұрғыдан ойлау және түсіну дегеніміз не? және оқу стратегиялары арқылы бұл дағдыларды қалай жақсартуға болады. Сыни

тұрғыдан ойлау және түсіну туралы айтпас бұрын, мен әр тұжырымға анықтама бергім келеді.

Оқуды түсіну дегеніміз не? Мәтіндерді оқу және түсіне білу мектепте жетістікке жету үшін өте маңызды. Оқулықтарды, дәрістерді және басқа оқу материалдарын түсіну үшін оқуды жақсы түсіну дағдылары қажет. Мәтіндерді оқу және түсіну қабілеті жұмыс орнындағы табысқа жету үшін де маңызды.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Сыни тұрғыдан ойлау-бұл сенімдер мен әрекеттерге басшылық ретінде бақылаулардан, тәжірибелерден, рефлексиялардан, пайымдаулардан немесе қарым-қатынастан алынған ақпаратты белсенді және шебер түсіну, қолдану, талдау, синтездеу және/немесе бағалаудың интеллектуалды тәртіпті процесі.

Түсіну мен сыни тұрғыдан ойлаудың бір-бірімен тығыз байланысты болғаны соншалық, сіз сыни ойлаудың белгілі бір түрінсіз толық түсіне алмайсыз деп айтсақ қателеспейміз. Түсіну үшін қажетті жеке дағдыларды анықтай отырып, мұғалімдер осы дағдыларды дамыту үшін сыни тұрғыдан ойлауға машықтана алады

Әрбір әрекет белгілі бір реакцияны тудыратынын түсіну үшін оқушылар оқиғалар арасында логикалық байланыс орнатуы керек. Кейіпкерлерді талдау кезінде оқушылар сыни тұрғыдан ойлауы керек, өйткені олар кейіпкерлермен адамзаттың өз басынан өткерген тәжірибелер арқылы байланысады. Оқушылар кейіпкердің жеке қасиеттерін, оның сөздері, әрекеттері және басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы арқылы анықтайды. Әдеби кейіпкерлер қақтығыстарға тап болады, сыни ойшылдар олардың мотивтері мен мінез-құлқын бағалайды. Сыни ойшыл кейіпкердің мінез-құлқын бірден бағалаудың орнына, кейіпкердің неге осылай әрекет еткенін анықтайды

Оқу стратегиялары арқылы сыни ойлау мен түсінуді қалай жақсартуға болады

Оқушыларыңыз оқу кезінде қандай қиындықтарға тап болады?

1. Олар оқуды ұнатпайды
2. Бұл қызық емес
3. Олар баяу немесе жылдам оқиды
4. Сөздік қорының жетіспеушілігі
5. Сыни ойлаудың болмауы
6. Олар мәтінмен байланысты емес болуы мүмкін

Оқу-мағынаны қалыптастыру процесі. Бұл сонымен қатар мәтінді оқығанға дейін, оқу кезінде және одан кейін болатын күрделі процесс.

Оқуды түсіну немесе оған мән беру оқырман, мәтін және басқа оқырмандар арасындағы өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады. Арнайы оқу стратегиялары студенттерге оқу мен ойлауды жақсартуға көмектеседі.

Солардың бірі KWL chart: Оқудың мақсаты қандай?

Бұл тақырып туралы не білесіз?

Сіз не білгіңіз келеді?

Сіз не үйрендіңіз?

Кейде менің оқушыларым сабақта KWL кестесін пайдаланады және бұл оларға оқуды түсінуді жақсартуға көмектеседі

Give one get one оқу стратегиясы Бұл стратегия арқылы мұғалім бірнеше жауабы бар сұрақ қояды. Оқушылар өз бетінше ойлануға уақыт тапқаннан кейін, олар жауап беру үшін де, қосымша жауап алу үшін де басқа сыныптастарымен кездеседі. Серіктестердегі бірнеше өзгерістерден кейін сынып мүшелері бір-бірінен үйренген негізгі идеяларды талқылайды. Бұл стратегия мазмұнды әр оқушы қатыса алатындай етіп қарау үшін пайдалы

Оқудың жағымды жақтарының бірі-бұл **тақырып бойынша пікірталас**. Пікірталас тақырыбы "Ақша бақыт сыйлайды" немесе басқа тақырыптар болады. Оқушылар бұл тұжырымға қатысты "жоқ" немесе "иә" дәлелдерін жазып, қорытынды беруі керек. Бұл сыни ойлауды дамытудың дұрыс әдісі

Сыни ойлауды ынталандыру және мәтінмен байланысты дамыту үшін мұғалім оқушыларға визуализацияға көмектесуі керек

1. Оқушылар мәтінді оқығанда не көреді?

2. Автор тағы қандай сезімдерді қолданады?

3. Олар оқу кезінде оқығаны кино көргендей көз алдына әкеле ала ма?

Сондай-ақ мұғалім ашық сұрақтар қоюы керек. Ашық сұрақтар студенттерді мәтін туралы терең ойлануға шақырады.

Мысалы: Неліктен М. Rowers өзінің өмір сүру салтын зерттей бастады?

Оның өмір салты сізге нені еске салады? Неліктен?

Сіз басты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне таңданасыз ба? Егер таңдансаңыз неліктен?

Оқушылардың оқуды түсінуін жақсарту үшін мұғалім **контексте лексиканы оқытуы** керек. Сөздік қорыңызды толықтыруға, оқу жылдамдығын арттыруға және қаншалықты түсінетіндігіңізге көмектесетін маңызды стратегиялардың бірі-контексте лексиканы

үйрену. "Контексте" сөздіктің көмегіне үнемі жүгінбестен жаңа лексиканың мағынасын болжау үшін осы уақытқа дейін оқыған сөйлемдеріңізде түсінетін жағдайды пайдалануды білдіреді. Жағдайдың мәнмәтінін қолдана отырып, жаңа сөздердің мағынасын болжау сөздікті аз қолдануды білдіреді.. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі көптеген сөздер контекстке байланысты бірнеше түрлі мағынаға ие. Мүмкіндігінше, мәтінмәндік белгілерді қолдана отырып, сөздік қордың мағынасын болжауға тырысыңыз. Сіз жаңа сөзді жазып, сөздік анықтамасына қатысты болжамыңызды растау үшін оқығаннан кейін сөздіктің мағынасын көре аласыз, бірақ сөздікті қолданар алдында бір-екі бетті оқып болғанша күтіңіз.

Сұрақтарды түсіну стратегиясы қандай? Бұл түсіну стратегиясы студенттерді оқығандарына сыни көзқараспен қарауға шақырады, сонымен қатар студенттерге өздерінің қызығушылық сезімін дамытуға көмектеседі. Студенттерімізге олардың ойлауын ынталандыру үшін сұрақтар қоятынымыз сияқты, студенттер түсіністік іздеп мәтінді зерттеуді бастау үшін өздеріне мәтін туралы сұрақтар қояды. Сұрақ қою оқушыларға мәтінмен тығыз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді және бұл оқуды тек пассивті әрекеттен гөрі пайдалы іске айналдырады.

Сыныптағы сұрақтарды түсіну стратегиясын қалай үйретуге болады? Оқушыларға сұрақтарды мәнмәтінді оқығанға дейін, оқу барысында және оқығаннан кейін не сұрау керектігі туралы нұсқау беріңіз. Бұл оларға оқу кезінде мақсатқа көңіл бөлуіне ықпал етеді. Бұл стратегия шеңберінде студенттер бірнеше себептерге байланысты сұрақтар қойылады, соның ішінде мағынасын нақтылау үшін (бұл сөз нені білдіреді? Неліктен бұлай болды?) оқиғалар мен кейіпкерлерді жақсы түсіну үшін (ол мұны неге жасады? Егер не болар еді...?), және автордың мақсатын түсіну (олар мұны не үшін жазды?). Сұрақ қою әсіресе студент не болып жатқанын түсінбейтінін анықтаған кезде өте маңызды. Нақтылау сұрақтарын қою арқылы студент нақты түсіну үшін қажетті ақпаратты табуға көмектеседі.

Мен сізге бүгінгі төменде келтірілген барлық стратегияларды ұсынғым келеді және бұл сіздің студенттеріңізге олардың білім сапасын жақсарту үшін пайдалы болады деп үміттенемін.

Қорытындылай келе, мен өз ойымды Ушинскийдің Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады деген қанатты сөзімен аяқтағым келеді. Назарларыңызға рахмет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. S. P. Norris, L. M. Philips
Explanations of reading comprehension: critical thinking theory
- 2 .J. D. Mc Neil 1992
Reading comprehension: New Directions for Classroom practice
- 3.A. Collins, J. S. Brown, K. M. Larkin 1980
Inference in text understanding
4. P. V. D. Broek, K. E. Kremer, 2000.
The mind in action: what it means to comprehend during reading

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ, ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМДАР

Алдабергенова Замира Арғынқазықызы
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы,
Ш. Мұналұлы атындағы №5 ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер,
«Үздік педагог-2022» байқауының жеңімпазы

Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады. Сабақтың нәтижелі, табысты болуы оқу мақсатына жету жолындағы мұғалім ізденісі мен жаңашылдығына байланысты. Орта білім беру мазмұнын жаңартуға арналған оқу бағдарламасында: «Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады» деп жазылған. Демек, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту күнделікті сабақта жүзеге асады. Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеуді қамтамасыз ету - қысқа мерзімді жоспарда жоспарланады. Сондықтан мұғалімнің әр сабағы Жүсіпбек Аймауытовтың айтуынша «Сабақ үнемі жаңадан жаңаны табатын - өнер». Бүгінгі өнерлі, білікті мұғалім оқу мақсатына

жету жолында күнделікті сабағын шебер құрастырып, қызықты тапсырмалары арқылы бала жанын баурап, өзіне деген сенімділікті қалыптастыра отыра қабілетін ашып, дамыта біледі.

«ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта «Пән мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстануы тиіс. Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады. Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады»- деп көрсетілген. Қазіргі таңда нәтижелі сабақ, табысты сабаққа қол жеткізудің жолы инновациялық әдістерді екшеп, шеберлікпен пайдалану. Өз сабақтарымда көп қолданатын «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының 100-ден астам стратегиялары, яғни әдістері кез келген жастағы оқушылардың білім мазмұнына сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір айтуға, саналы шешім қабылдауға үйретеді. Оқыту құрылымы: «Қызығушылықты ояту», «Мағынаны тану», «Ой толғаныс» деген үш бөлімі күнделікті жазып жүрген ҚМЖ-дағы «сабақтың басы», «сабақтың ортасы», «сабақтың соңы» деген құрылымға сәйкес келеді. Бұл бағдарламаның мақсаты: шығармашылық қабілетті, сыни ойлауды дамытады. Жалпы бұл бағдарламадағы стратегиялар көпшіліктің сабақ үрдісінде көп қолданатын әдістерінің бірі екені белгілі, жаңалық емес екендігі де шындық. Дегенмен тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуға, блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеу арқылы қарапайымнан күрделіге сатылап жеткізуге мүмкіндігі мол. Білімнің дайын күйінде берілмеуі, өз бетінше білім алу идеясы жүзеге асады. Оқыту формалары – топтық, жұптық, жеке жұмыс жасауға негізделген тапсырмалар беруде де мақсатқа оңай жетуге мүмкіндік бар. Мысалы: 7-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәніндегі М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» балладасының екінші сағаты «Әке үкімі» тақырыбын өту тәжірибемді ортаға салайын. Сабақ мақсаты: 7.1.2.1-әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау. «Қызығушылықты ояту» бөлімінде «Миға шабуыл» стратегиясы бойынша «Сорлы балам, Туыпсың-ау сорыма, Өзің түстің өзің қазған орыңа» деген сөзді қалай түсіндіңдер? Деген сұрақ арқылы бастадым.

Оқушылар сатқын ұл жайлы, әкесінің күйініші, өкініші жайлы неше түрлі пікір айтты. «Жақсы бала - сүйініш, жаман бала – күйініш» деген мақалмен ойды тұжырымдаған оқушылар да болды. Бір ғана сұрақ оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, әрі қарай тапсырма орындауға ынтасын арттырды. «Мағынаны тану» бөлімде топпен орындауға арналған «Де Бононың қалпақтары» стратегиясы бойынша

1. «Ақ қалпақ» - әкенің ызасын тудырған фактілерді атаңдар.
2. «Қызыл қалпақ» - әке шешіміне көзқарасың қандай?
3. «Сары қалпақ» - әке бойындағы жақсы қасиеттерді айту.
4. «Жасыл қалпақ» - сатқын ұлға сен басқаша қандай шешім шығарар едің?
5. «Қара қалпақ» - баллададағы барлық ұнамсыз іс-әрекеттерді ата
6. «Көк қалпақ» - барлық айтылған ой-көзқарасқа тұжырым айтыңыз.

«Ой толғаныс» бөлімінде «Авторға хат» әдісі бойынша жеке орындауға арналған «әке намысы – ел намысы» тақырыбында хат жазды. Бір сабақта үш құрылым бойынша сабақ мақсатына сәйкес үш тапсырма беріліп, үшеуі де өз деңгейінде орындалды. Білім алушылар стратегияларды қиналмай, жеңіл, қызығушылықпен, жақсы орындап шықты. СТО бағдарламасының стратегияларын сабақ мақсатына сәйкес үйлесімді таңдау, сабақтың нәтижелі болуының кепілі. «45 жыл мұғалім болсаң да, 45 минутқа мұқият дайындал» деп Ушинский айтпақшы, күнделікті қолданылатын әдіс-тәсілдер баланы жалықтырмауы тиіс. Қазақ әдебиеті сабағында көлемді шығармаларды оқытуда мазмұн меңгертуге арналған ең тиімді стратегия - «болжау». Прозалық шығармалардағы роман, повесть сынды көлемді жанрлардың мазмұнын меңгермейінше одан әрі қарай талдау жұмыстарын жүргізу мүмкін емес. Мазмұнды білмеген бала шығарманың тақырыбы мен идеясын да, композициялық құрылымын да, автор бейнесі мен көркемдік ерекшелігін де, кейіпкерлерін де талдай алмайтыны анық. Әдетте, мазмұнды меңгерту 1-сабақтың еншісінде екені анық. Сондықтан мұғалім шығарманың ең маңызды, қызықты тұстарын ерінбей үзіп, «Бұдан әрі қарай не болады деп ойлайсыңдар?» «Оқиға қалай жалғасуы мүмкін?» деген сияқты қызықты сұрақтар арқылы шығарманы аяғына дейін болжатып, мазмұнды оп-оңай меңгертіп алуға болады. Қазақ тілі сабағында оқылым алды дағдысын орындатуда да «Болжау» стратегиясын қолдану өте тиімді. Мысалы, 7-сынып қазақ тілі сабағында «Ұлы адамдар достығы» тақырыбын өткенде «Абай жолы» роман-эпопеясынан Абай мен Михаэлис достығы туралы мәтінді үзіп, әр үзіндіден соң:

- Абайдың жауабы қандай болуы мүмкін?
- Бұл адам Абай жанына қандай мақсатпен баруы мүмкін?
- Абай не үшін Толстойды ғана сұрап тұр деп ойлайсыздар?

-Абай мен Михаэлис таныстығы қалай жалғасады деп ойлайсыздар? деген сияқты сұрақтарды қоя отырып, оқиғаның жалғасын болжату арқылы тақырыпты меңгерттім. «Болжау» стратегиясында қойылатын сұрақтар «...неліктен деп ойлайсыздар?», «...қандай болуы мүмкін?», «... әрі қарай не болады?», «... қалай жалғасады?» деген сұрақтар оқушылардың қызығушылығын ғана оятып қоймай, еркін ойлау мен сөйлеуге мүмкіндігін ашады.

Сабақ үрдісінде бір ғана СТО бағдарламасының стратегияларын емес, өзімнің құрастырған авторлық әдістерімнің де жемісін көріп келемін. Әрқашан дайын нәрсені пайдалану, үйренген машықтан шыға алмау, шеңбер ішінде қалып қоюмен бірдей. Проблемалап оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, сатылай кешенді талдау технологиясын, кейде элементтерін өз сабағымда қолданып, нәтижесін көрген соң, өз бетінше жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап шығару, оның нәтижесін зерттеп көруге іштей талпыныс туады. Мысалы «көп нүкте», «қос шеңбер», «жаңа футбол», «ой құрау», «жұмбақ кейіпкер», «идея сандығы», «алты сызық», «ТТТ», «қажет сөз», «менің формулам», «бір қадам», «эстафета» сияқты өзім құрастырған әдістердің де баланың сабақ орындауға талпынысын арттыратынын көріп жүрмін. Мысалы, 7-сыныптағы «Ұлттар достығы» тақырыбына өткізген сабағымда «жаңа футбол» әдісімен тапсырманы қалай орындатуға болатынын көрсетейін. Сабақ мақсаты: 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау;

7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.

Сабақта үш тапсырма орындалды. 1-тапсырма «жаңа футбол» әдісімен берілді. Тапсырма шарты: Топқа жеребе тастау арқылы топ жауабын қорғаушылар, топ жауабын өзге топ жауабымен салыстыратын аңдушы, топ атынан «Неге? Не үшін?» сұрағын қоятын шабуылшы тағайындалады. Алдымен сабақ басында ютуб арнасынан «Жерұйық» фильмінен үзінді көрсетілген соң, төмендегідей сұрақтар қойылды:

- 1.Өзге ұлттар қазақ даласына өз еркімен келген бе?
- 2.Фильмде қазақ халқы қандай мінез-құлқымен танылады?
- 3.«Адамзаттың бәрін сүй,бауырым деп» деген Абай пікірінің астарын қалай түсінесіңдер?

4.Неге фильм «Жерұйық» деп аталған?

2-тапсырма «Ой құрау» әдісімен берілді. Тапсырма шарты:

«Бірлік болмай, тірлік болмас» тақырыбында топтағы бірінші оқушы бір сөйлем айтады, қалған оқушылар сол сөйлемді жалғастыру арқылы мәтінді аяқтайды. Әр оқушыға тек бір сөйлем айтуға ғана мүмкіндік беріледі.

3-тапсырмада «Көп нүкте» әдісін қолдандым. Тапсырма шарты көп нүктенің орнына қажет сөзді қою. Әдеби тілдік норманы қаншалықты меңгергендігін, қалай қолдана алатындығын бақылау.

Бауырмал қазақ даласы баршаны бауырына ... (қалау рай)

Қазақстанда ұлттар достығы ... (бұйрық рай)

Қазақтың дархандығын Герольд Белгер көп ... (ашық рай)

Ынтымақ қайда ..., ырыс сонда (шартты рай)

Сабақ мақсатына жету үшін кейде дайын әдістер сәйкес келмеген жағдайда, өзіміз шығармашылықпен әдіс ойлап тауып, оны қолданып көруден қорықпау керек. Әдісті сабақта зерделемейінше, оның қаншалықты тиімді екенін біле алмаймыз.

Сондай-ақ АКТ-ні сабақта тиімді пайдалану үшін ютуб арнасынан парақша ашып, сол арқылы да балаларға тапсырма беруге болады. Кері байланыс орнатуда padlet тақтасының көмегі мол. Ал үй жұмысын сұрау, жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтар қою, тест тапсырмаларын Sokrative сервисі арқылы, Kahoot платформасы арқылы беруге болады. Бұл платформалардың уақытты ұтымды пайдалану мен оқушыны қызықтыруға септігі зор.

Қазіргі таңда жас мамандардың АКТ сауаттылығы өте жоғары екенін көріп жүрміз. Тәжірибе алмасу үрдісінде сабақтарына қатысу барысында жастардың түрлі платформалармен жұмыс жасап, оқушыны өзіне баурап алып жатқанының куәсі болып жүрміз. Жаңа платформаларды, жаңа әдістерді көп білу, әрине жақсы, дегенмен пәннің теориясы мен пәнді оқытудың өзіндік мақсат-міндеттері бар екендігін де естен шығармағандығы жөн. Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақ мақсатына сай, теорияға негіздеп ұштастыру ғана нәтижелі болатындығын айтқым келеді.

Жылдам қарқынды дамып жатқан заманда баланың қызығушылығы да біртекті емес, құбылып отырады. Сондықтан баланы жалықтырмай, пәнді игерту үшін, белсенді әдіс-тәсілдерді жаңғыртып, оқыту формасын түрлендіріп отыруы қажет. Бала белсенділігін арттырып, өз еркімен білім алуы үшін мұғалім үнемі ізденіс үстінде болып, шығармашылықпен айналысып отырғанда ғана нәтижеге жетеді. Өз

сабағын өзі зерттеп, оқу мен оқыту арақатынасындағы қызметтерді тәжірибесінде сараптай алатын мұғалімдердің еңбегі қашанда жемісті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Бітібаева. “ Дарынды баламен жұмыс”
2. М. Әуезов. “ Абай жолы”

БЕС ТАС: ӘРБІР ЖАҢА САБАҚ – ЖАҢА ИДЕЯ

Алдабергенова Алима Усенбаевна
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
№19 мектеп- гимназиясының
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Мақсаты: Ойыншының қол моторикасын дамыту, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға үйрету: қабылдау, санау, топтастыру. Мұғалімнің шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуы, кәсіби өсуі және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында студенттер инновациялық тәжірибені меңгеру барысында байырғы халқымыздың рухани байлығын көрсету; Оқушылардың қол моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту;

«Бес тас» ойынының мақсаты

Ұлттық ойындарды жаңғырту және дамыту: Ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық рухын дамыту, сөздерді мұқият тыңдау және , қимылдарды қолдануды түсіну

«Бес тас» ойынының тапсырмасы

Ойыншының қол моторикасын дамыту, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға үйрету: қабылдау, санау, топтастыру; Ойыншылардың икемділігін арттыру, ой-өрісін дамыту және ептілікке тәрбиелеу;

Қолдану жолы:

1 Ойыншы еденге бес тасты шашып, бір тасты таңдайды. Ол тасты жоғары лақтырып, жерден тас алып, тасты кері қағып үлгерді.

Жерден алған тасты қасына қойып, екінші, үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп қояды.

2.Еденге бес тасты шашып, одан бір қолайлы тасты алып, жерде жатқан тастарды жоғарыдағыдай екі-екіден жинайды.

3.Еденге бес тасты шашады, ішінен біреуін алады, лақтырып жібереді, алдымен біреуін іліп алады, содан кейін дәл осылай жерде жатқан үш тасты жинайды.

4.Қолына бес тасты алып,біреуін лақтырып жібереді,қолындағы төрт тасты жерге қояды,секірген тасты қағып жібереді. Осыдан кейін ол тасты қайтадан жоғары лақтырып, жерге қойған төрт тасты жинап алып, лақтырып жіберген тасты қағып алады.

5 . Бес тасты жұдырығына алып, оның бірін жоғары қарай тізеді де, тасты алақанына мықтап ұстап, еденді шынтақпен үш-бес рет қағып (ойыншылардың алдын ала келісімі бойынша) лақтырған тасты қағып алады.

«Бес тастың» бірінші кезеңі (жеке жұмыс қылып алуға болады)

«Бес тастың» екінші кезеңі Жұптық жұмыс

«Мен кіммін?»

Оқушылар жұпқа бөлінеді. Оқушылар суретті көршісінің маңдайына жапсырады. Олар суретте не бар екенін сипаттау керек. Тапсырма – оның маңдайында не бар екенін анықтау

Жұптар екі-екіден тастарды жинайды. Жеңіске жетсе, 1 ұпай алады.

«Бес тас» үшінші кезеңі

Сурет бойынша диктант

Бір оқушы мәтінді оқиды. Қалған топ мүшелері мәтін бойынша сурет салады. Келесі топ жұмыстарын тексеріп, бағалайды. Әр топтан үш оқушыдан үшінші кезең ойнайды. Кім жеңсе, 1 ұпай алады

«Бес тас» төртінші кезеңі

Топтық жұмыс

QR коды бойынша

Сынып қабырғасында тиын салынған сөмкелер бар. Студенттер монета қаптарындағы qr кодтарын сканерлеу арқылы өз командасының суретін табады. Ал монета дорбасының артына жасырылған тапсырмаларды орында. Әр тапсырма = 5 ұпай. Әр топтың капитаны төртінші кезеңді ойнайды. Кім жеңсе, 1 ұпай алады

«Бес тас» бесінші кезеңі

Қорытындылау тапсырмасы

(иә/жоқ сұрақтар)

www.com әдісін қолдану арқылы барлық оқушылар өз пікірлерін, реакцияларын береді

Команданың барлық мүшелері бесінші кезеңді ойнайды

Мұғалім ар бөлімнің тапсырмаларын өзіне ыңғайлы етіп өзгерте алады, (жоғарыдағы тапсырмалар тек мысал үшін келтірілген)

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Мухаммедова Гүлнар Кадырбаевна
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы,
№3 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер

XXI ғасырдағы жаһандану дәуірі адамзатты тың өзгерістерге, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына алып келді. Кез келген салада жаңа технологиялық жетістіктер адамзат игілігіне берілді. Жаңа технологиялық даму үдерісі білім беру саласын одан әрі жетілдіре түсу қажеттілігін туындатты. Өйткені озық ойлы, бәсекеге қабілетті, кез келген мәселеге сыни көзқарас білдіре алатын тұлға тәрбиелеу – жаңа заман талабы. Осы орайда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, дамыған мемлекеттердің білім беру бағытындағы іс-тәжірибесінен үлгі алу және оны іске асыру жұмыстары соңғы он жылдықтан бері қарай қарқынды түрде жүзеге асырылып келе жатыр. Осындай сапалы білім беру жолында жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатын жаңа тәсілдің бірі - Lesson Study. Lesson Study — мұғалімнің кәсіби тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Мектепте Lesson Study-ге зерттеуді жоспарлау, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Сапалы білім беру үшін сабақты зерттеу өте тиімді құрал бола алады, оның көмегімен мұғалімдер өз тәжірибесін жетілдіреді.

Lesson Study әдісін қолданудың мақсаты:

- Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу;
- Ұжымдық ынтымақтастық арқылы сапалы білімге қол жеткізу;
- Мұғалімнің кәсіби дамуына ықпал ету;
- «Оқушы үнін» тыңдау.

Lesson Study әдісін қолданудың тиімділігі:

- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады;
- Ұжымдық мәдениет қалыптасады;
- Мұғалімдерді кәсіби тұрғыда дамытады;
- Оқу сапасының артуына ықпал етеді;
- Әр оқушының қабілеті, бейімділігі анықталып, жеке тұлға қалыптасады.

Мектебімізде бірнеше жылдан бері жүйелі түрде жүзеге асырылып келе жатқан LS жобасы арқылы бір жағынан мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шыңдалса, бір жағынан оқушылардың білім сапасының артуы мен ұжымдық ынтымақтастықтың күшеюі байқалды. Мектеп әдіскері, сынып жетекші, және топ мүшесі болуға өз еркімен келісім берген бес адамнан тұратын зерттеу тобы жасақталды. Пит Дадли нұсқаулығы бойынша Lesson Study әдісін екі бағытта сынып немесе пән бойынша жүргізуге болады. Зерттеу тобы мүшелері сынып бойынша зерттеуді қолға алды. Зерттеуге 5 «А» сыныбы алынды. Келесі қадам – проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Lesson Study бұрышына жазып, қиындық тудырған мәселелер анықталды. Одан кейін зерттеу тобының отырысы болды. Бұл отырыста барлық мұғалімге ортақ проблеманы шешу жолдары жоспарланды. Негізгі ортақ проблеманы: «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың бейімділігіне, қажеттілігіне қарай тапсырманы орындату жолдарын анықтау»-деп алдық. Бұл саралау әдісіне де ұқсайды. Өйткені бір тапсырманы оқушының бейімділігіне қарай түрлендіріп беру – оқушының оқу мақсатын меңгеруіне ықпал етеді. Зерттеу тобы осы мәселелерді айқындап, зерттеу бағытын анықтап алды. Lesson Study әдісі бойынша шығармашылық топ мүшелері өздері тандаған зерттеу проблемасы аясында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, білім алушылардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды ақпарат ретінде қолданып, сабақты жақсартуға жұмыстанды. Lesson Study тәсілі үш кезеңге негізделеді:

I. Сабаққа дейінгі кезең

- Lesson Study тобын құру;
- Lesson Study-дің мақсаты мен міндеттерін және күтілетін нәтижелерді айқындау;

- Таңдалған проблема ауқымында коучинг немесе шеберлік сынып өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін болған шешімдерді қарастыру;
- Сыныпты және пәндерді таңдау;
- Бақылауға алынған оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен сұхбатта қолданылатын құралдарды таңдау.
- Шығармашылық топ мүшелері сабақты бірлесе жоспарлау;
- Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу;
- Оқушылардан алған сұхбат негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу.

II. Сабақ өту кезеңі

- Lesson Study сабақ үдерісі.
- Зерттеу тобы мүшелерінің оқушыларды бақылауы.

III. Сабақтан кейінгі кезең

- Сабақтан кейін оқушылардан сұхбат алу.
- Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау.

Жүйелі түрде ұйымдастырылған сабақты зерттеу тобының жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қолданылатын әдістерді ескере отырып, тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай орындатуды мақсат еттік. Оқушыларға жеке, жұптық, топтық тапсырмалар берілді. Сабақты зерттеу тобының мақсаты Пит Дадлидің нұсқаулығында көрсетілгендей А, В,С деңгейіндегі оқушыларды бақылау болды.

LS нәтижесі жыл бойы бір сыныпты зерттеу барысындағы шығармашылық топтың жүйелі жұмысының қорытындысынан көрінеді. Бірлескен оқу тәжірибесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану өте маңызды. Себебі оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру үшін ең қажетті құрал әдіс-тәсілдер болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді әдіс-тәсілдер ретінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын PISAтапсырмалары, Блум таксономиясына негізделген сыни ойлауға жетелейтін тапсырмаларды атауға болады. Зерттеу тобы мүшелері қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, өз ойын еркін жеткізуге, сөздік қорын молайтуға, алған білімін шынайы өмірмен байланыстыруға, тұжырым жасай алуға бағытталған тапсырма түрлерін қолдануды мақсат етті. Білім алушылардың деңгейіне қарай бір тапсырманы бейімділігіне қарай түрлендіріп беру – басым бағыт болды.

Сабақты зерттеу барысында оқушылар үшін төрт дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) әртүрлі әдістермен шебер қолдану өте маңызды екенін байқалды. Мысалы, зерттеу барысында көз жеткізгеніміздей, А оқушы оқылым мәтінімен тапсырманы жақсы орындаса, В оқушының тыңдалым дағдысы арқылы тапсырманы толық орындайтыны анықталды. Ал С оқушы кесте немесе сурет түрінде берілген тапсырманы тез әрі оңай орындады. Сонда оқушыларға бір тапсырманы оқушының бейімділігіне қарай түрлендіріп беру де, білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оқу мақсатын меңгеруінің кепілі бола алатыны анық. Бұл зерттеуден байқалғандай шығармашылық топ тапсырманы бірлесе жоспарлағанда оқушының бейімділігін де ескеру қажеттілігіне көз жеткізді.

Қазақ әдебиеті сабағына бірлесе жоспарлаған тапсырма үлгісінен бір мысал келтіріп өтейік. Марат Қабанбаевтің «Бауыр» әңгімесі бойынша оқу мақсатына сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді үзінділерді қолдану арқылы шынайы өмірмен салыстыруға байланысты тапсырмалар берілді. Үзіндімен жұмыс орындату үшін мұғалім бір тапсырманы А оқушыға «Тізбектелген ой» әдісімен сөз тіркестерін контекст түрінде толықтыруға, В оқушыға «Үш қадам» кестесі арқылы аудиожазба тыңдау арқылы маңызды эпизодты анықтап, қарама-қарсы суреттеуді табуға, С оқушыға «суреттер сөйлейді» әдісімен суретте бейнеленген заттың кейіпкерге қатысын анықтап, сол маңызды үзіндіні оқулықтан анықтауды ұсынды. Анықталған маңызды эпизод туралы сыныпта талдау, жинақтау барысында өзара ортақ пікірге келуі, шешім қабылдауы, әрқайсысы өзі бағамдаған тұжырымымен ой қорытуымен жұмыстың нәтижелілігін көрсетті. Демек, тапсырманы үш оқушыға да бірдей мәтін немесе сурет түрінде бергенде, дәл мұндай нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмас еді. Өйткені кейбір оқушыларға оқылым мәтінін оқу қиындық тудырса, кейбір оқушылар мәтінді тыңдау кезінде тыңдалым дағдысының нашарлығынан толық ақпарат ала алмауы мүмкін. Әр оқушының қабілетін ескере отырып берілген тапсырмадан білім алушылар өздерінше ой қорыта алды. Мұғалім де өз мақсатына жетті деуге негіз бар. Үш деңгейдегі оқушыға үш түрлі тапсырма берілгенімен, оқушылардың барлығының қол жеткізетін оқу мақсаты – бір. Маңызды эпизодтар арқылы оқушыға ой салу, пікірін еркін айтуға жетелеу, тұжырым жасауға ықпал ету.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындатуда тақырыпқа байланысты өлең шығару, ойтолғау жазу сияқты тапсырмалар берілгенде, А деңгейдегі оқушы тапсырма берілген бойда орындауға

кірісіп кетті. Ал В деңгейдегі оқушыға мұғалімнің көмегі қажет болды. Мұғалім ол оқушыға тақырыптан ауытқымау үшін негізгі сөз тіркестерін табуда көмектесті. Ал С деңгейлі оқушының өлең шығаруға қабілеті төмен екені ескеріліп, алдыңғы екі тармақтың соңын жалғастыру ұсынылды. Оқушылар бұл тапсырманы деңгейлеріне қарай орындады. Нәтижесінде С оқушы өлеңдегі мағыналық тұтастықты сақтап, соңғы екі тармақтың ұйқасын жақсы келтіріп, тапсырманы ойдағыдай орындап шықты. Жазған шығармашылық жұмысын сыныптастарына мәнерлеп оқып берді. Бұл – оқушының өз жұмысының нәтижесіне көңілі толып, сабаққа деген белсенділігінің артқанын көрсетті.

Сауалнама нәтижесі оқушылардағы оң өзгерістерді көрсетті. Қазақ әдебиеті пәнінен жоспар бойынша сабақ өткізілген соң, оқушылардан кері байланыс ретінде сұхбат алынды. Сұхбат оқушылармен сұрақ-жауап түрінде жүзеге асты. Сабақты зерттеу тобының мүшелері А, В, С деңгейіндегі оқушыларға сұрақ қойып, пікірлерін тыңдады.

«Сабақтағы қайсы тапсырманы орындау сіз үшін қызықты болды?»- деген сұраққа А оқушы: «Мен үшін барлық тапсырмаларды орындау өте қызықты болды, өйткені жеке жұмыста өз ойымды толық жеткізуге мүмкіндік алсам, жұптық жұмыстағы диалог тапсырмасын қасымдағы сыныптасыммен бірге орындау өте қызықты болды. Ал топтық тапсырмада өз дарынымды пайдаланып, ақындық қабілетімді көрсете алдым. Сондықтан сабақ маған ұнады».

«Сабақта тапсырмаларға берілген уақытты толық пайдалана алдыңыз ба?»- деген сұраққа В оқушы «Мен толық пайдалана алдым, себебі берілген уақыт тапсырмалардың күрделілігіне қарай бөлінген. Сондықтан мен барлық тапсырмаларды орындауға үлгердім».

«Сабақтағы тапсырмаларды орындауда сізге қиындық тудырған тапсырма болды ма?» –деген сұраққа С оқушы «Мен жеке жұмысты орындауда қиналдым. Себебі өз көзқарасымды жазғанмен, оны сыныпта оқу маған оңай болған жоқ. Дегенмен, сыныптастарымның және мұғалімнің қолдауымен өз пікірімді толық жеткізе алдым», -деп жауап берді. Бұл - зерттеу тобы мүшелерінің жыл бойы жасаған жұмыстарынан бір ғана дәлел. Сабақ мақсатына жетті деп есептеймін. Өйткені біз үшін үлкен тәжірибе болған бұл зерттеу сабағы оқушылардың мүмкіндіктерін тануға жол ашып, жаңа қырларынан танытты.

Сыныпты зерттеу барысында көз жеткізгенім, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыруға, өз-өзіне деген сенімін арттыруға болады екен. Өйткені бала жанына тереңірек үңілген сайын, оны жаңа қырынан тани түсесің. Сынып

оқушыларының әртүрлі тапсырмаларды жарыса орындауы, әр сабақта жаңалық күтуі мұғалімге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Осындай зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың сабаққа деген құлшынысын оятып, белсенділігін арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пит Дадли, Lesson Study: нұсқаулық; (Lesson Study Англияда: мектептің желілік қоғамдастығынан мемлекеттік саясатқа дейін) 2008 ж.
2. Пит Дадли, Lesson Study: нұсқаулық; (Кәсіби тәжірибеде түбегейлі өзгеріс жүргізу үшін Lesson Study мұғалімнің білімі мен дағдыларының негізгі мазмұнын қалай анықтайды) Англия, 2011 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, НЗМ ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы 2015 ж.

ROP UP ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУ

Жанабергенова Мейрамгул Сакидуллаевна,
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
Ақшұқыр мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқу үрдісіне жаңа инновациялық әдістерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағында білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беруі керек. Бұл мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдаланудың тиімділігі оқушылардың еркін ойлауына мүмкіндік береді, ақыл - ойын дамытады, шығармашылық белсенділігін арттырады, ұжымдық іс - әрекетке

тәрбиелейді, бір сөзбен айтар болсақ, жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Міне, сондай жаңа инновациялық әдістердің бірі – Pop up технологиясы арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Бұл әдістің мақсаты – жас ұрпаққа білім беру жолында Pop up технологиясы арқылы қазақ тілі сабағында көлемді мәтіндерді және қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы еркін меңгерту; Ұзын-сонар шығарманы оқуға ынтасы жоқ баланың зейінін ортақ арнаға шоғырландыру; Креативті әдістер арқылы оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдысын терең дамыту.

Ізденіс

XXI ғасыр – технологиялар заманы. Z және альфа ұрпақтың білімін жетілдіру үшін біз, мұғалімдер қауымы, үздіксіз ізденіп келеміз. Бұл буынның ең басты қасиеті – еркіндік, ашықтық, азат ойлылық. Олар өзгеге емес, өздеріне ұнаған нәрсені жасайды. Үнемі қозғалыста, шығармашылық ізденісте болады. Жаңалықты тез қабылдап, жаңа дүние жасауға бейім тұрады. Сондықтан да оларды бір идеологиямен басқара алмаймыз. Осы орайда жаңашыл буынның талабына сай балаға креативті білімді визуалды және виртуалды формада ұсынатын **Pop up технологиясы** арқылы көлемді мәтінді, көркем шығарманы меңгертудің тиімді жолдарын ұсынып отырмын.

Қазіргі таңда қазақ тілі сабағында көлемді мәтінді немесе қазақ әдебиеті сабағында білім алушыларға көркем шығарманы қалай меңгертеміз? Ұзын-сонар мәтінді оқуға оқушылардың қызығушылығын қалай арттырсақ болады? Міне, осы сұрақ төңірегінде көп іздендім. Ізденіс нәтижесінде Pop up технологиясы арқылы мәтінді немесе көркем шығарманы жеңіл әрі қызықты етіп меңгертуге болатындығын тапқандай болдым. Бұл технология арқылы білім алушының назарын тақырыпқа бірден аударуға болады. Оқушы конструктор секілді етіп жасақталған оқиға желісін көріп, оны ары қарай түсініп алғысы келіп тұрады. Тапсырмалар жиынтығы да креативті формада ұсынылады. Цифрлық технология элементтері толық қамтылған. Білім алушы тарапынан бұл технологияға қызығушылық өте жоғары болады. Әңгіме желісі сюжетті суреттер арқылы өрби түседі. Себебі оқушы оқитын көркем шығарманы көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы есте сақтайды. Бұл педагогикада дәлелденген. Қазіргі ұрпақтың қажеттілігін қанағаттандыруға бірден-бір ұтымды жол.

Идеяның өзектілігі – жас ұрпаққа білім беру жолында Pop up технологиясы арқылы кең көлемді мәтінді не көркем шығарманы еркін меңгерту. Бұл технология оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытады. Сондай-ақ, сөйлеу процесінің тиімділігін арттырады, оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын оятады және берілген материалды оңай әрі тез арада игеруге мүмкіндік береді.

Тәжірибе

Бұл зерттеу арқылы қазақ тілі сабағында кең көлемді мәтінді оқуға ынтасы жоқ оқушының сондай-ақ, көркем шығарма оқуға қызығушылығы жоқ білім алушылардың қызығушылығын оята білдім.

"Кітап – ақылыңа ақы сұрамайтын ең құнды қазына"- деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технологиялар шығып жатса да, олардың барлығы кітаптың беретін тәрбиесін, білімін, кітаптан алатын тәтті әсерді алмастырып бере алмасы анық. Шындықты шырқыратып айтар болсақ, қазіргі буын оқушыларына қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқытуда қиындық туып жатады. Дәл осы мәселе өзімнің тәжірибемде де болды.

Ендеше бұл дертпен қалай күресеміз? Осы мәселені өзекті санаған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Оқу-ағарту министрі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Мен өз сабақтарымда Pop up технологиясы арқылы білім алушыларға көркем шығарманы және көлемді мәтінді қызықтыра меңгерте білдім. Бұл технология аясында «Book trailer», «Лэпбук», «Оқырман сөресі», «Кейіпкер үні» әдістерін және креативті «Merge Object Viewer», «Меморис», «Avatarify» платформаларын тиімді қолдана білдім. Мәселен, сөзім дәлелді болуы үшін қазақ әдебиеті сабағында «Қыз Жібек» жырын оқушыларға меңгерту мақсатында Американың білім беру саласында кеңінен қолданылатын Pop up технологиясын қолдандым. Бұл технологияны түсіндіріп өтер болсам, білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттыратын ерекше әдіс. Бұл Қазақстанда қолданылмаған әдіс. Алғаш рет Америкада пайда болған инновациялық технология. Американдықтарда Pop up үлгісіндегі кітаптар өте көп. Ол оқушының қызығушылығын арттырады. Ең алдымен оқушыларға жаңа технологияның көмегімен тақырыпты болжатамын. Оқушылар жаңа

тақырыпты болжаған соң оқиғаның өрбу кезеңіне барады. Бірсарынды оқудан жалыққан білім алушы үшін келесі кезең қызықты да тартысты. Бұл кезеңде кейіпкерлер бейнесі сөйлейді, жырдың бейне нұсқасы «Меморис» бағдарламасы арқылы көрсетіледі. Осы орайда сіздерге сабақ өту барысында өзімнің үнемі қолданатын «Кейіпкер үні» деен жаңашыл әдісіммен бөлісе кетейін. Атауына қарап сіз қарабайыр әдіс деп ойлауыңыз мүмкін. Бұл әдісті білім алушылар тарапынан үлкен қызығушылық тудырған әдіс деп айтар едім. Бұны сіз қазақ тілі сабағында кең көлемді мәтіндерге және қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаға қолдансаңыз ұтымды. Әдістің ерекшелігі әр кейіпкердің үні «Avatarify» бағдарламасында арнайы жазылып дыбысталады. Тағы бір ерекшелігі – кейіпкердің дауысы өзгеріп қана қоймай, көзі, ауызы қимылдап, тыңдап отырған оқушыға ерекше әсер сыйлайды. Сондықтан бұл әдісті «Кейіпкер үні» деп атадым. Бұл әдіс арқылы оқушылар кейіпкердің үнін тыңдай отырып, өздері сол кейіпкердің кейпіне енгендей күй кешеді. Оқушы мәтіндегі іс-әрекетті, оқиғаны шынайы қабылдап, кейіпкер үні арқылы сол шығарманы жадында сақтап қалсын деген мақсат болатын. Нәтижесінде, оқушы виртуалды және визуалды ақпараттарды ала отырып, тапсырмаларды жүйелі орындап, көркем шығарманы немесе мәтінді жан-жақты талдай алады.

«Merge Object Viewer» платформасы арқылы қазақ тілі сабағында білім алушы берілген мәтіннен деректі зат есімдерді виртуалды әлемде көзбен көріп, қолмен ұстағандай 3D форматта көре алады. Мәселен, жануарлар әлеміне байланысты мәтін берілсе, мәтіннен жануардың сан алуан түрі білім алушының көз алдына виртуалды кеңістікте 3D форматта көрсетіледі.

Нәтиже

Қорытындылай келгенде, қазіргі уақытта оқытудың визуалды әдістері оқу үрдісінде кеңінен қолданылады. Олар оқытудағы көрнекі дидактикалық принциптің ерекше орын алуына байланысты дамыған және жетілдірілген.

Рор up технологиясы білім алушының жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына ерекше ықпал етеді.

Рор up технологиясының нәтиже берген тұстары:

- ✓ Көлемді мәтінді оқуға қызығушылығы жоқ оқушының қызығушылығы артты, бар зейіні визуалды 3D форматтағы кітапшаға шоғырланды;
- ✓ Оқушының сын тұрғысынан ойлауын, танымдық белсенділігін дамыта түсті;
- ✓ Сюжетті суреттер желісі арқылы оқиғаны баяндап, кейіпкер үні арқылы әр кейіпкердің үнін өз аузынан виртуалды тыңдап, тыңдалым, айтылым дағдылары дами түсті;
- ✓ Оқушылардың ID құзыреттілігі артты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Массaget» сайты, <https://massaget.kz/>
2. «Справочник заместителя директора школы» журналы, 2016 ж.
3. «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. 161 б.

ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Үмбетова Жаңагүл Жұмахметқызы
Маңғыстау облысы Білім басқармасы
Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының директоры

Білім беру саласында әлемдік білім кеңістігінің өрісіне қосылу - басты міндеттеріміздің бірі. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мазмұны, құрылымы жаңарды. Білім алушының ақпараттарды қабылдау мен өңдеу қабілеттерін дамытып, тілдік дағдыларды қалыптастыру арқылы нәтижеге жету көзделіп отыр. Нәтижеге жету жолында оқыту әдістерін жетілдіру, жаңа технологияларды тәжірибеде зерттеу арқылы тиімділігін саралау мәселелері іске асырылуда. Педагогикалық технология – жүйелі әдіс. Оқыту мен білімді меңгеру, пайдалану және анықтау, адам мен техника ресурсын ескере отырып, өзара іс-әрекетінің формасын өзгертуді, оңтайлы ету. Инновациялық оқыту – оқу және оқыту қызметтерінің процесі, әлеуметтік және мәдени ортада инновациялық өзгерістерді ынталандырады. Сондай-ақ, білім берудің ерекше түрі деп атауға болады. Дәстүрлі оқытумен екеуінің арасындағы айырмашылық – болашаққа деген көзқарастардың әртүрлілігінде. Дәстүрлі оқыту «қайталанатын жағдайларда ережелерді қабылдауға бағытталған», ал

инновациялық оқыту «жаңа жағдайларда даму қабілеттілігін бірлесе шешуді ойластырады» Бүгінгі білім алушы, яғни жеке тұлға мектепте төмендегі біліктілік пен дағдыны бойына сіңіріп шығуы қажет:

1. Шығармашыл, ойлау және іс-әрекет дербестігі жетілген – іскер;
2. Өзгелермен тіл табыса алатын, мақсатты қарым-қатынасы дамыған – ынтымақтастығы;
3. Өз жұмысын және сыныптасын әділ бағалай білуі;
4. Тілдің төрт дағдысын (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) қалыптастырған қабілетті;
5. Қисынды ойлай білу;
6. Келелі мәселелерді шеше білу, басқа да шешімдерді іздеу және талдау жасауы;
7. Балама шешімдерді таңдау және қабылдауы.

Қазақ халқының көрнекті ғалымы, ұлт ұстазы – А.Байтұрсынов: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтылық белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деп жазған болатын. Оқушылардың өмір бойы білім алуға деген қажеттіліктерін қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде, яғни тәжірибеде қолдану үшін оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері мен тәсілдерін ұйымдастыруға көмек беретін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажет. 2017 жылы ҚР Үкіметі қаулысымен бекітілген «цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім беруді цифрландыру жолындағы алғашқы заң болып табылады. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуге болады. Заманауи мұғалім оқушыларға АКТ-ны тиімді қолдану арқылы оқу-жаттығу дағдыларын меңгертіп, нәтижесінде толыққанды азамат болып өсуіне көмектесе білуі қажет. Білім беруді цифрландыру – жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту құралы болып табылады. Веб-сервистерді пайдалану арқылы әрбір оқытушы әлемдік үдерістерден қалмай, уақытылы хабардар болуға мүмкіндік жасайды. Ресурс жинақтауда, білім алушылардан кері байланыс алуда, сұрақтар құрастыруда уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқыту үдерісін интербелсенді етіп, сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізеді. Мысалы, Triventy, Kahoot, plickers, Quizlet, rowtoon, Trello, Google forms сияқты веб-сервистер маңызды ақпараттық ресурстарды табуға, өздерінің сандық оқу материалын құруға,

қолданыста бар бағалау әдістерін дамытуға, білім алушылардың дара мүмкіншіліктерін қамтамасыз етуге, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға және бақылауға, қосымша қолдау қажеттіліктерін анықтауға, кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сандық ресурстар аудио және видео ресурстарын қолдануға мүмкіндік береді. Ақпарат алмасу үшін сыныптар құрып, топтың барлық оқушысын белсенді жұмысқа жұмылдыра отырып, басқа әріптестермен интернет-байланыс арқылы қызмет нәтижесімен бөлісе алады. Сабаққа ықылассыз оқушының өзі белсенді қызметке қосылады. Жалпы АКТ-ды қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктері артып, сандық дереккөздерден өз бетінше ақпарат іздей алады. Сандық ресурстарды пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстарғанда оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатады. Топпен, жеке жұмыс істеуге бейімделеді, басқаның пікірін тыңдай алады, белсенділікті арттырады. Сандық ресурстарды меңгеру арқылы мұғалім заман көшіне ілісе білетін, жаңалыққа жаны құмар тұлға екенін дәлелдейді. Кәсіби даму – тілші мұғалімнің басты міндеті.

Тілші мұғалімдердің табысты сабақ өткізуі, сабақ мақсатына жетуі үшін қолданылатын тағы да басқа толып жатқан инновациялық технологиялар өте көп. Мысалы: Модульдік оқыту технологиясы (М.Жанпейісова), Проблемалы модульдік оқыту технологиясы (М.А.Чошанов), Ойындар технологиясы, Дамыту ойындар технологиясы (Б.П.Никитин), Проблемалап оқыту, Саралап оқыту, СТО технологиясы т.б. Жаңа технологиялардың барлығы да сабақтың сапалы болуын қамтамасыз етеді. Күнделікті сабақта әдістерді шеберлікпен пайдалану – үлкен өнер. Жеке тұлғаға жаңаша көзқараспен қарауға, әрбір бала қабілетті, көбісі дарынды екенін түсінуге, жеке ықпал жасауға мүмкіндік ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. 1999ж.
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. 2003ж

ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ЭССЕ ЖАЗУҒА ТӨСЕЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аяпбергенова Меруерт Акаевна,
Абай облысы, Жарма ауданы,
Маяковский атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жұмыстың өзектілігі: жазушы оқушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты алған білімін ақпаратпен қаруландырумен қатар, кез келген тақырып аясында метатанымдық, smart білім-біліктілігін тиімді қолдана білу мақсатында эссе түрлерінің талаптарын сақтап жазуға бағыттау.

Жұмыстың ғылыми болжамы: егер пән мұғалімі жазылым дағдысына арналған жаңашыл әдістемелік тәсілдерді, әдістерді жазу түріне қарай таңдай білсе, онда эссе жазу талаптарына сәйкес оқушы жазу стилі қалыптасып, ой жүйесінің бірізділігін сақтауы, тілдік оралымдарының қолдануы, сөздік қорының байлығын дамуы – оқушы бойына сіңірілген құндылықтың негізі екеніне көз жеткізе аламыз.

Жұмыстың мақсаты: қазақ тілі сабақтарында жазылым дағдысына арналған әдістер мен тәсілдер арқылы оқушыларды эссе жазуға баулу, төселдіру.

Жұмыстың міндеттері:

- сын тұрғысынан ойлауды жетілдіру;
- өзіндік көзқарасын, сыни ойын жеткізе білу;
- білім, біліктілігін тиімді қолдану;
- эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, өзіндік стилін қалыптастыру;
- жазу тәсілдерін таңдай білу мен қолдана білу;
- түрлі жанрда мәтін құрастыра білу, оны түзете алу және түрлендіру;
- шығармашылық қабілеттерін шыңдау;
- сөздік қорының байлығын дамыту;
- жазу жұмысына қажетті термин сөздерді тиімді пайдалану;
- оқырман қызығушылығын ояту.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: жаңашыл smart әдіс-тәсілдер арқылы оқушыға эссе жазуды меңгерту, тиімді әдістер мен тәсілдерді сұрыптап беру, жазылым дағдысының маңыздылығын ашып, оған баулу жолдарын сипаттап беру. Жеке тұлғаны өмірге бейімдеу, креативті ойлана алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, функционалды

сауаттылығы жоғары, сыни тұрғыдан ұтымды жауап бере алатын индивидті заман талабына сай дайындап шығару.

Жұмыстың теориялық мәнділігі: пән мұғалімдері үшін жазылым дағдысына арналған әдіс-тәсілдерге толы ақпараттар беру арқылы эссе жазуға тиімді жолдарын көрсету.

Жұмыстың практикалық мәнділігі: зерттеу нәтижесінде жинақталған материалдар болашақ пән мұғалімдеріне әдістемелік құрал ретінде сабақтарда, саралау жұмыстарында, әдістемелік көмек негізінде қорытынды аттестаттауға дайындыққа, таңдау курстарында кеңінен пайдалануға енгізуге лайық жұмыс.

Жұмыстың орындалу әдістері: жазылым дағдысына арналған әдістер мен тәсілдерді ғылыми тұрғыдан іздену, оны талдау, сұрыптау, салыстыру, деректерді жинақтау, іс-тәжірибемен бөлісу, таныстыру.

Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім жүйесіне де зор ықпал етуде. Оқу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда білім саласындағы мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны – «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «Жаңа заман оқушыларын қалай дайындау керек?» деген мәселелер. Бұл мәселелердің туындауы неде? Әлемдік өзгеру – жаһандық экономика мен мәдени орта құруға ықпал ете алатын білімді, білікті, күрделі жағдайларды шешуге бәсекелестікке қабілетті, жоғары зиятты адамды қажет етеді.

Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың сөйлесім әрекетін жетілдірумен қатар, өз ойын, пікірін, тұжырымдарын сауатты, креативті жеткізуге дағдымашықтарды білім алу үдерісінде қол жетімді басымдылықтарына назар аудару, қазақ тілінің әдеби нормаларына сай жеткізе білуге төселдіру, сөз әдебін қалыптастыру. Қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу негізінде оқушы өз болмысын қалыптастырып қана қоймайды, ол ой-пікірін, көзқарасын білдіру арқылы өзгелердің де дамуына ықпал етеді. Сондықтан да өзіндік «Менін» қалыптастыру, тұлғалық ерекшеліктерін шыңдау, шығармашылық – логикалық болмысын дамыта отырып, жетілдіру үшін жазылым дағдысын дамыту жолында тиімді де, ұтымды әдістемелік әдіс-тәсілдердің қолдану арқылы эссе жазуға төселдіру пән мұғалімінің біліктілік шеберлігіне қарай негізделеді.

Жазылым – оқушы үшін тілдік тұлғалардың жүйесіне негізделген ең жоғарғы, аса күрделі де, қиын, өзіндік ойын басқа біреуге сауатты жеткізу дағдысы. «Жазу - біздің ойымызды тілге аударушы» -дейді

Byren. Расымен, жазылым дағдысына дейін оқушы тыңдалым, айтылым мен оқылым дағдыларын меңгеріп барып, ең соңғы, күрделі өз көзқарасын, сыни ойын жеткізу мен шығармашылық қабілетінің шыңдалуымен, сөздік қорының байлығын ашатын, жеңілден күрделіге, оңайдан қиынға келетін оқу процесінде жазылым дағдысына жетеді. Жазылым дағдысын меңгеруде әдіс-тәсілдер арқылы эссе жазуға қалай төселдіруге болады? деген сұрақ аясында мен сіздерге өзімнің іс-тәжірибемнен бірнеше оңтайлы әдістермен бөліскім келеді.

Жазылым дағдысы - ең шоқтығы биік нәтижеге бағытталған өнім. Себебі, оқушы үшін авторлық жеке көзқарас білдіретін, нәтижеге қол жеткізетін кезең болса, ал мұғалім үшін өз еңбегінің зая кетпей, алға қойған мақсаттарына жетудегі нәтижелік, межелік өнім алатын жолы.

Жазылым әрекетінде жазылым дағдысын дамытатын әртүрлі әдіс-тәсілдерді жүргізуге болады. Назарларыңызға бірнешеуін өз тәжірибемнен атап өтейін: **«Жарнама» әдісі** арқылы жинақы мәтін, аз сөзбен көп нәрсенің мағынасын беру, эмоционалды-экспрессивті лексика қолдануы, таңғалдыру, қосымша ресурс (мысалы, сурет салу, стикер жабыстыру, т.б), айтуға жеңіл, тез есте сақталатын мәтін ойлап шығаруға ең тиімді жолы. Бұл әдісте оқушылардың өздері критерий құрастырады, дескриптор жасайды, оны өздері шығарады, ой тастап, ойландырып алып, жарнама жасайды. **«1 индикатор, 2 сөйлем» әдісі** тілдік бірліктер арқылы тікелей оқырманға бағытталған 1 сөйлем (1 индикатор) жазылады, қалған 2 сөйлем арқылы тиісті және теңестірілген мәселелерді қамтиды. Сол арқылы материал жанды, әрі қызықты бола түсетініне көз жеткіземіз. **«Сөйлем маркерлері» әдісі** арқылы **сипаттамалы эссе** жазуға өте тиімді әдіс, себебі сипаттамалы эссе жазу үшін метафора, эпитет, гипербола, символ, еліктеуіштер мен бейнелеуіштер, күрделі, әрі анық сөздік қорды талап етесіз, жазылған мәтінді маркермен сипаттамалы сөздерді табу арқылы сызып көрсетесіз, сонда оқушы оқиғаның айқын көрінісін жасау үшін сөздік қормен өз көзқарастарын білдіреді. Біреудің көзін жеткізуге арналған **аргументтивті эссе** үшін әдетте мен **контраргументтер** болуын талап етемін. Ол үшін қарсылықты шылаулармен жазылуын ұсынамын. Мысалы, ...қарамастан, бірақ, алайда, дегенмен, екінші жағынан, балама ретінде. **«Жарқын идеялар» әдісі** арқылы оқушының ой-пікірін танып білуге ыңғайлы, онда мына мәселелер қарастырылады. Сіз үшін жаңа болып табылатын 3 мәселе, Сіздің назарыңызды аударған 1 нәрсе, Сіз сенімсіздік танытқан салаға қатысты 4 сөз. **«Сөздік көмегі»** әдісі арқылы сөздік қорын байытуға арналған жаттығуларды орындатуға

болады. Мәтіннен берілген көне сөздер топтамысын ұсынып, «Сіздің ойыңызша, оның мағынасы қандай?», «Сөздіктегі анықтамасы», «Сөзді пайдалана отырып, сөйлем құра» деп, тапсырманы орындату арқылы сөздік қорды байытуға болады. Сөздік қорды байыту үшін әдіс-тәсілдер **«Интерактивті глоссарий»**, **«Лоторея барабаны»**, **«Сөзді бейнеле»**, **анаграммалар, сөзжұмбақтар, сөз кластерлері, сөздерді іздеу, т.б.**

«Редакция» әдісі арқылы оқушылардың редакциялауы, басқа сөзбен айту, нақтылау үшін сұрақ қою, тиісті және тиімді кері байланыс ұсыну, сондай-ақ қарым-қатынас кезінде ойын түсінікті, әрі айқын жеткізу дағдыларын жетілдіреді. Жұмыс барысында оқушылар шынай қызығушылық танытады, өз өзіне деген сенім артады.

Шығармашылық жұмыстар түрлеріне жазылым дағдысында ең ұтымды жолы – хат жазу. Мәселен, «Қолдау хаты» кейіпкерді қолдау мақсатында жазылса, «Құттықтау хаты» әдісінде құттықтап жазады. **«Заманауи хат» әдісі** арқылы фейсбукте, инстаграмда, твиттерде, яғни әдеуметтік желіде комментарий қалдыру арқылы хат жазу жолдары көрсетіледі. **«Қаламым тербейді» әдісі** бойынша 2-3минутта оқушы өз ойын жазып шығу керек.

Эссе жазу үшін оқушылар ақпараттармен жұмыс жасай алу өте маңызды, сондықтан да **графикалық органайзерлермен жұмыс жасау** арқылы оқушылар ақпаратты **«Сүзгі» әдісі** бойынша оқу мазмұнын жүйелі түрде түсінуіне, сұраптай алуына септігін тигізеді. **«Торлы диаграмма» әдісі** арқылы әдеби эссе жазуға төселдіруге болады. Мәселен, тор сияқты тарай береді, бір кейіпкер бойындағы қасиеттерді теріп жазып отырып, сұрыптап, артынша кейіпкерге қатысты өз тұжырымдамаларын, көзқарасын білдіре алады. Мәтінді жазу үшін пайымдауды да қажет етеді. Оқиғаның, құбылыстардың белгілі бір себептерін түсіндіру үшін, дәлел келтіру үшін SWOT-талдауы қолайлы әдіс-тәсілдердің бірі. Бұл талдауда күшті жақтар, әлсіз тұстар, мүмкіндіктер мен қауіптер көрсетіледі. **«Ромбтық жіктелім» әдісінде** «Ең бір маңызы аз элемент» жазылады да, сатылай, саралай келе, «Ең маңызды элемент» шоқтығына жетеді. Бұл жіктеу арқылы жазылым материалын әсерлі етеді. **«Сұхбат» әдісі** оқушылар жұптаса немесе топтасып отырып, бір-бірімен ақпаратпен бөліседі, тұжырымдайды, ой бөліседі, кереғар пікір айтады, талқылайды, білгендерін ортаға салады, кейін жазуға кіріседі.

Қорытындылай келе, ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», — деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім

жадында сақтауы тиіс және іздеген ұстаз ғана өз шәкірттеріне ең асылын бере алатыны сөзсіз. Мен өз іс-тәжірибемнен жаңа заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, барынша оқушының бойына білімнің нәрі болып сіңетініне, оқушының пәнге деген қызығушылығын, ізденіп, берілген тапсырмаларды ұстазбен қатынаста болып орындауларына септігін тигізетіні хақ. Әр ұстаз өз сабағының майталманы, шебері, авторы. Сондықтан да, білім бәсекестігінің бәйгесіне тұлпар жаратып, оны мәреден жеңімпаз көру – әр педагогтың сіңірген еңбегі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ӘНХ 2022-2023жж
2. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдерге арналған оқыту әдістемесі, Алматы, «Атамұра», 2017ж.
3. Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы, «Үлестірме материалдар», 2019ж.

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Пиржанова Жадыра Нажимовна,
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы,
№3 жалпы білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Менің тәжірибемдегі негізгі педагогикалық идея қазақ тілі сабағында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, белсенділіктерін және табысты білім алуларын ескере отырып білім алуға бағытталған, яғни, **«Оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер»** тақырыбына арналады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай еркін ойлай алатын, шығармашыл тұлға тәрбиелеу – қоғам талабы. Мектеп жасынан бастап жас ұрпақ бойында осындай қабілеттерді дамыту үшін оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды орындату өте маңызды. Бұл тапсырмалар арқылы оқушының сыни ойлау дағдысы қалыптасып, кез келген мәселеге өзіндік пікірін білдіре алады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің алатын орны ерекше. Қазақ тілі сабағында мәтінмен

жұмыс үлкен рөл атқарады, сондықтан біз оқушыларға мәтінмен жұмыс жасау барысында орындалатын әр түрлі тапсырмалар беруіміз керек.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын, оқылым дағдыларын дамыту үшін зерттеп оқу стратегияларын қолдану тиімді. Зерттеп оқу – оқушыдан тек оқылым мазмұнын түсініп қана қоймай, негізгі ойды автор көзқарасымен бірге байланыстыра талдау, дерек пен фактіні ажырату, себеп пен салдарды анықтау, өмірмен байланыстыру, көтерілген мәселені талдау, өз пікірін білдіру және дәлелдеу, артықшылығы мен кемшілігін саралау секілді дағдыларын қамтитын оқылым стратегияларының бірі.

Тәжірибенің жаңашылдығы: Зерттеп оқу стратегияларын қолдана отырып оқушылардың танымдық құзыретін дамытуға жағдай жасау. Өзара әрекеттестік жағдайында оқушылардың креативті идеяларын негізге алып өздігінен білім алу үдерісін жақсарту.

Жұмыстың өзектілігі:

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушының оқылым дағдысын тереңірек меңгеруге ықпал ететін әдістер арқылы зерттеп оқи білуге дағдыландырады.

Қазақ тілі сабағында зерттеп оқу әдістерін қолдану мақсаты:

Ашық қоғамда өздігінен білім алып, дами алатын, алған білім, білік дағдыларын іс жүзінде қолдана алатын елжанды, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқу сауаттылығы қалыптасады, өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
- ойлау қабілеттерін мәтіндер, қызықты құрылған кестелер, оқу сауаттылығына бағытталған тапсырмалар арқылы дамытады;
- ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшандыққа жаттығады;
- республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді;
- өз ісіне сенімді, «неге?» деген сұрақты қоя білетін және нық жауап бере алатын білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.

Жұмыс істеу формасы:

- шығармашылық жұмыс, көркем шығарманы талдау;
- жеке оқушымен жұмыс;
- зерттеу, салыстыру, талдау әдістері;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- ғаламтормен жұмыс жасау.

Зерттеп оқу стратегияларын қолдану үшін мыналарды білуі тиіс:

-Зерттеп оқу стратегияларының өзге оқылым стратегияларынан (шолып оқу, жүгіртпе оқу, рөлге бөліп оқу, іріктеп оқу) айырмашылығын ажырату;

-Зерттеп оқу стратегияларын қолдану мен ұйымдастырудың негізгі қадамдарын білу;

-Зерттеп оқу стратегиясы бойынша ұсынылатын тапсырмаларды айқындау.

Зерттеп оқу стратегияларын қолдану мен ұйымдастырудың негізгі қадамдары мынадай:

1-қадам: Зерттеп оқу стратегиясы бойынша мәтінді өте мұқият таңдай отырып ұсыну қажет, себебі түсіну және білу деңгейін қамтитын мәтіндер көбіне зерттеп оқуға сәйкес келмейді. Зерттеп оқу стратегияларына арналған оқылым мәтіндері төмендегідей аспектілерді қамтуы тиіс:

1.Дискурсивті мазмұндағы оқылым мәтіні, бұл оқушының жан-жақты, екі жақты көзқарастағы мәтіндерді зерттеуі өзіндік қорытынды шығаруына көмегін тигізеді;

2.Өзекті проблемалық оқылым мәтіні – оқушы көтерілген проблеманың себебі мен салдарын, шығу жолдарын тұжырымдап шығара алатындай мүмкіндік жасаған дұрыс;

3.Астарлы ой мен ирония, сатира бар оқылым мәтіні болуы қажет. Себебі оқушы автордың негізгі ойын әрбір сөз, сөйлем, абзац астарынан анықтап, мысал келтіру арқылы автор көзқарасын, ойын талдау қажет;

4.Сандық көрсеткіштер мен аргументтер қамтылатын оқылым мәтіні, мұнда оқушы ұсынылған тақырыптағы мәтінді толық зерттеп, артықшылығы мен кемшілігін, мүмкіндігі мен қауіп-қатерін нақты анықтайды;

5.Сараптама мен болжам қамтылған оқылым мәтіні арқылы оқушы оқылым мәтінін зерттей отырып, автор ойын бағалайды, өз болжамымен автор ойын байланыстыра алады

2-қадам. Мәтін таңдалынғаннан кейін оқушының зерттеушілік-жобалаушылық қабілетін дамыту үшін мәтінге лайық әдістер таңдалу қажет.

Зерттеп оқудың мынадай әдістері бар:

1.«Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы»;

2.«Себептер мен салдар айналмасы»;

3.«Мәселелерді зерттеу ағашы»;

4. FILA;
5. SWOT-талдау;
6. «Ойлаудың алты қалпағы»;
7. «Блум түймедағы».

3-қадам. Мәтін, әдіс таңдалғаннан кейін оқушының зерттеп оқу алгоритмін, фокусын нақты нұсқау арқылы дұрыс ұйымдастыру қажет.

Төменде 8-сыныптың «Қазақ тілі» пәнінің 3-тоқсанында өтілетін «Жасөспірім және заң» бөліміндегі **«Жастар туралы көзқарастар»** тақырыбы бойынша тапсырмалар дайындалды.

Сабақтың оқу мақсаты: 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу;

Тақырып бойынша 2 түрлі мәтін алынды. Оқушыларға 2 мәтінді 2 түрлі әдіспен зерттеп оқытып, талдатуға болады.

Дискурсивті мазмұндағы оқылым мәтіні

1-мәтін: «Жастар туралы Үлкендер не айтады?»

Тұрар Әбуов, дінтанушы:

— Жастарымыздың көбісінің рухани деңгейі жоғары. Олар өздерінің білімділігі мен біліктілігі арқылы көпшілік ортада қоғамдық пікір қалыптастыра алады. Қуанарлық тағы бір жайт — жастардың адамгершілікке, имандылыққа деген бетбұрысы. Ұлтын ұлықтай білетін, Отанды сүйе білетін жігерлі жастар өсіп келе жатқанына қуанамыз.

Ал кей жастардың материалдық құндылықтарды басты орынға қойып, «крутой» көлік мініп, қымбат телефон ұстағандарына мәз болып, ұсақталып бара жатқаны — ащы шындық. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ұстанымдарын сонау мұхиттың ар жағындағы Куба елі әскерлеріне устав ретінде оқытады, ал біздің жастарымыз сол Баукеңнің бір шығармасын оқыды ма екен? Дінді ұстанам деп, адасып жүрген жастар қаншама?! Ең қорқыныштысы — жастарымыздың қазақы қалпымызды сақтап қала алмауы.


Бақытбек Ысқақов, дәрігер:

— Негізі, мені жастардың алға қарай талпынысы, дүниеге көзқарасы, білімге құлаш ұруы қуантады. Қазіргі қоғамның талабына сай өмір сүргісі келетінін құптауымыз керек. Олай дейтін себебім, біріншіден, жастарға негізі желікпелік тән. Мысал ретінде айтайын, алға қарай ұмтылып, шауып бара

жатқан жүз жастың тоқсанында желікпелік басым, ал қалғанында белгілі бір мақсат бар. Сондықтан оларды желікпе және мақсатты жастар деп бөлуге болады. Екіншіден, қазір еліміздің басына күн туып (бетін аулақ қылсын), еліміз ауыр кезеңді басынан өткізіп жатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі жастар патриотизм ұғымын терең түсіне бермейді, әлі отансүйгіштіктің қадіріне жете қойған жоқ. Адам баласы әр нәрсенің дәмін татпай, оның парқын түсіне бермейді. Сол секілді бүгінгі жастар Отанға деген сүйіспеншілікті сезінген жоқ, тек сөз жүзінде ғана айтып жүр. (*baq.kz/ k/news*)

Мәтін мазмұны бойынша орындалатын тапсырма:

“Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау» әдісі



K1 Көтерілген мәселе,

K2 Мәселенің өзектілігі

K3 Мақсатты аудиториясы,

K4 Астарлы, тұспалды ойы

K5 Көздеген мақсаты,

K6 Фактілер мен көзқарастар

K7 Қарама-қайшылықтар

Оқушылар жоғарыдағы мәтінді мұқият түсініп оқып, берілген тапсырманы орындайды. Бұл әдісті қолдана отырып, білім алушылар мәтінде көтерілген мәселені, мәселенің өзектілігін, мақсатты аудиториясын, астарлы, тұспалы ойларды, көздеген мақсаттарды, фактілер мен көзқарастарды, қарама-қайшылықтар мен өз ой-пікірлерін жазып шығады. Бұл әдістің артықшылығы білім алушыға мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді.

Өзекті проблемалық оқылым мәтіні


2-мәтін. Жастардың өздері туралы пікірі

Қазіргі жастар мен бұрынғы жастардың айырмашылығы жер мен көктей. Әрине, мен де осы заманның 21 ғасырдың жалындап келе жатқан жастарының бірімін. Бірақ мені толғандыратын жайт: қазіргі өзімнің қатарластарымның мейірімі, аяушылығы, жақсы қасиеттерінің бойынан табылмауы. Көпке топырақ шашпай-ақ қояйық, бірақ бес саусақ бірдей емес қой. Кезінде ағаларымыз «біз кезінде қандай едік» деп өз әңгімесін

бастағанда» шеке басымыз тырысып шығатыны рас. Дегенмен, ащы болса да аға буын өкілдерінің сөздері дұрыс екеніне ешкім шүбә келтірмес. Қазіргі жастардың дені теледидар алдын тоздырып, интернет иіріміне түсіп, неше түрлі теріс жолдарға түсіп кетуде. Бірақ бұл жайтқа не жастарды, не интернетті кінәләу керек емес деп ойлаймын. Бұл заман талабы. Кезінде сұм соғыс жылдары балалардың барлығы дерлік «атыс» ойнап, өтірік болса да бір-бірін өлтіріп ойнады ғой. Міне, бұл сол кездегі жастардың қызығушылығын арттырған іс болып есептелді. Сол сияқты қазіргі жастардың да қызығушылығы осындай атыс-шабыс ойындарына артқаны рас.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, сол ойындарды жеңген адамға кісі өлтіруді немесе тапанша атуды теория жүзінде білгенімен (ойын тәжірибесі) практика жүзінде оларға бәрі оңай болып көрінеді. Ойнап жүріп, андамай от басқанын жастарымыз білмей де қалады. Неге біздер, жас болып, бас болып монитор алдына телміргенше, өзіміз қызығарлық басқа қазақи тәлім-тәрбиесі мол ойындар ойнамасқа. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, қоғам қасіретіне айналған адам психологиясын ластайтын жеңіл желпі нәрселермен күресейік. Соңғы сөзімді, қазақтың бас ақыны А.Құнанбаевтың сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Сен де бір кірпіш дүниге, кетігін тап та бар қалан». Өмірде барлығымыздың оймақтай орнымыз бар екенін ұмытпайық.

Мәтін мазмұны бойынша орындалатын тапсырма: «Мәселелерді зерттеу ағашы» әдісі



Бұл әдісті қолдана отырып, білім алушылар мәтінде көтерілген мәселені, мәселені көтерудегі автордың мақсатын, көздеген аудиториясын, автордың мәселеге көзқарасын, өзінің мәселеге көзқарасын, мәселенің

туындау себебін, салдарын, мәселені шешу жолдарын жан-жақты талдап көрсетеді. Бұл әдістің артықшылығы білім алушыға мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді, сыни тұрғыда ойлау қабілеті артады, мәтінді талдап, зерттеп оқып үйренеді.

Қорыта келгенде, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін зерттеп оқу стратегияларын орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, зерттеп оқудың әдістерін үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәнін (Т1) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-9-сыныптар), – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 288 б.
2. 8-сынып «Қазақ тілі» оқулығы. Т.Н.Ермекова, Ш.Л.Ерхожина, А.Е. Тоқбаева, - Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 256 б.

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА «ДИАЛОГ С УЧЕНЫМИ РАЗНЫХ ВЕКОВ»

Херхенредер Алена Николаевна,
Павлодар қаласы, М.Әуезов атындағы ЖББМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

В настоящее время в нашей стране идет становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Одним из показателей успешности этого процесса является выполнение образовательных международных стандартов, в которых формирование функциональной грамотности обозначено в качестве одной из приоритетных задач.

Цель обучения функциональной грамотности на уроках английского языка – это совершенствование иноязычной компетенции, способности и готовности школьников использовать язык для решения коммуникативных задач. Так и целью элективного курса «Диалог с учеными разных веков» - научить учащихся в устной и письменной

форме высказываться на тему по физике, и подготовить их к изучению физики на английском языке.

Программа спецкурса «Диалог с учеными разных веков» разработана и апробируется с 2014 года. Содержание данного курса предполагает интеграцию предметов «Физика» и «Английский язык». Актуальность и практическая значимость данного курса велика в связи с необходимостью изучать предметы естественно-математического цикла на английском языке на старшей ступени обучения.

Как осуществить интеграцию предметов, чтобы спец курс был в помощь учителю физики при планировании уроков на английском языке? Продуктивность будет в том случае, если она строится на элементарных, но прочных умениях и навыках, имеющихся у детей, т. е. интеграция предметов уже предполагает у учащихся наличие такой базы, поэтому спец курс ведется в 9-х полиязычных классах, где уровень знаний английского языка у учащихся В2.

В соответствии с программой курса разработаны темы уроков, подобраны и адаптированы тексты на английском языке. По каждой теме учтены ее когнитивная структура, потенциальные типовые речевые намерения и ситуации в рамках изучаемой темы, отобраны обслуживающие их лексические и грамматические средства [1].

По каждой теме составлена мной технологическая карта, в которой обозначено использование всех видов речевой деятельности. На каждом уроке изучается новая лексика, физические термины, которые встречаются в подобранных адаптированных текстах.

Тексты содержат информацию о важнейших открытиях и биографии ученых 18-19 веков: И. Ньютона, Р. Гука, М. Фарадея и других. Все тексты адаптированы. Поскольку сама веду уроки английского языка, учитываю базовые знания школьников по английскому языку: какие синтаксические конструкции дети могут уже использовать, какая лексика знакома с предыдущих уроков по предмету, все незнакомые слова выносятся в словарь.

При организации работы с текстом, **развиваем следующие умения и навыки школьников:**

- читать и понимать со словарем и без него с полным пониманием содержания стилистические несложные тексты из научно-популярной литературы;
- переводить на английский язык с помощью переводного и толкового словаря тексты, содержащие новые сведения;

- составлять доклады по физике на английском языке на основе самостоятельного изучения нескольких источников;
- понимать на слух основное содержание несложных аутентичных текстов об открытиях и изобретениях в области физики;
- выделять основные факты; отделять главную информацию от второстепенной;
- раскрывать причинно-следственные связи между фактами;
- определять свое отношение к прочитанному.

Как организуем работу на занятии курса? Начинаем с чтения, затем осмысления текста. Далее ведется работа с новой лексикой, фактической информацией. Результатом деятельности учащихся по теме должно стать монологическое высказывание в письменной форме, фактический и аргументационный материал для которого учащиеся могут почерпнуть из проработанных текстов.

Деятельность организована таким образом, что к тексту учащиеся обращаются неоднократно. Задания могут быть и такого характера: найди верное утверждение, дополни диалог, составь текст в логическом порядке, найди ошибку в предложении и исправь ее и т.д.

Новые подходы к обучению предусматривают создание благоприятного климата в классе и в группе, атмосферы сотрудничества, в таких условиях учащиеся умеют находить ответы на вопросы низкого и высокого порядка самостоятельно. Использование групповой формы обучения учащихся, позволяет им обмениваться идеями, мнениями, информацией, учатся друг у друга, сравнивают и анализируют, делают вывод и презентуют их перед классом.

Вовлечению учащихся в учебный процесс помогают личностно-ориентированные ситуации вхождения в урок, интриги и сюрприза, театрализации и творчества, игровые, дискуссии, ситуации успеха и выбора, рефлексия.

Для определения успешности и результативности урока осуществляется обратная связь. Как правило, в конце каждого урока идёт обсуждение того, что узнали сегодня, как работали, понравился ли урок. Используются разные приемы рефлексии: синквейн, Vlob tree (где вы на этом дереве?), лестница успеха, смайлики, знаки (хорошо, плохо), светофор, градусник, две звезды и одно пожелание и т.д. Через рефлексию определяем, какие трудности возникали, на каком этапе урока, планируем коррекционную работу на следующем занятии.

При составлении заданий соблюдаются общедидактические принципы практической направленности.

На уроках используем разнообразные образовательные интернет-ресурсы. Учащиеся перед основной частью урока выполняют задания на повторение пройденного материал. Затем выполняют предтекстовое задание, тем самым учитель выясняет, какой информацией уже владеют ученики. Наиболее эффективная форма обучения-лекция, где учащиеся прослушивают и читают новый материал, а после изучения новой темы учащийся выполняют послетекстовые задания. Часто применяла на занятиях –сайт создания мультимедийных упражнений LearningApps.org. Этот сайт содержит уже готовые задания и даёт возможность учителю составить свои собственные задания, например, кроссворды, логические цепочки, предложения на соответствие содержанию текста и многое другое.

Кроме того, на уроках используем различные виды контроля: вопросно-ответные упражнения в устной и письменной форме, выделение ключевых слов сообщения с последующим воспроизведением текста. Вопросно-ответные, перевод и редактирование компьютерного перевода, тестовые задания, защита проектов, зачет.

Вместе с учениками провели такое исследование, в ходе которого определили частотность отдельных слов-терминов в учебнике «Физика» для 9 класса (они активно изучаются на занятиях элективного курса). Оказалось, что слово «ток» – повторяется 117 раз, «ускорение» -152, «скорость» – 307, «лучи» -118, «передача» -99, «заряд» – 52.

Это говорит о том, что учащиеся **часто** могут использовать эти слова в устной и письменной речи на уроках физики на английском языке. Соответственно, все эти 80 физических терминов **прочно** войдут в их лексикон.

Завершая свое выступление, хочу подчеркнуть, что в процессе организации предметно-языкового интегрированного обучения отслеживаю уровень сформированности предметных компетенций.

Используя для этого удобную компьютерную программу «Easy Quizy», составляю тесты: входные, полугодовые и годовые.

Результаты тестов позволяют определить уровень понимания школьниками содержания изученных текстов и слов-терминов по физике, навыки подбора дефиниций к терминам, активность использования лексики в речи.

Таким образом, основная задача курса заключается в развитии функциональной грамотности через умение учащимися читать научную литературу с целью получения нужной информации, вести беседу по

теме на иностранном языке, понимать инструкции, делать краткие сообщения об изобретениях и открытиях в области физики.

Список литературы:

1. Булатбаева К.Н. Организация учебного процесса по когнитивно-коммуникативной технологии / Материалы Республиканской научно-методической конференции «Современное образование: содержание технология и обеспечение качества» - Астана, 2015. – С.19-22
2. Руководство для учителя. Третий базовый уровень. АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», 2015 г.-с. 154-161
- Браже Т.Г. Интеграция предметов в современной школе. Литература в школе. - 1996. - № 5. - С. 150-154.
3. Energy is the source of life. Пособие для средних специальных технических учебных заведений. Каро 2002г.
4. Electrical power. Обучение профессионально-ориентированному чтению. Флинта. Наука. 2006г.
5. Болдак И.А. Тексты по специальности «Физика» для чтения на английском языке, 1999.
7. Комикова О.И. и др. Physics academic reading and speaking. _БГУ_. _2008.
8. Physics experiments for children, Muriel Mandell.
9. Evans V. Round – Up. English Grammar Practice / V. Evans. – England : Pearson Education Limited, 2000.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Сундетбаева Айман Жетгенбаевна,
Н. Бекбосынов атындағы Маңғыстау
энергетикалық колледжі,
орыс тілі пәні оқытушысы

В данной статье представлены возможности использования новых инновационных методов и информационных технологий в образовательном процессе.

Одним из важнейших вопросов в современной системе образования является внедрение в учебный процесс новых инновационных

технологий, информатизация образования. Основной целью использования информационных технологий на уроках является создание единой образовательной информационной среды, использование новых информационных технологий, приведение их в соответствие с мировым образовательным пространством. В связи с этим в Законе Республики Казахстан «Об образовании» говорится: «Основной задачей системы образования является создание необходимых условий для получения образования, направленного на формирование индивидуальной и профессиональной подготовки на основе национальных и общечеловеческих ценностей, научных и практические достижения; внедрение новых технологий образования, информатизация образования, доступ к международным глобальным коммуникационным сетям», - констатируется. Этот вывод является целью информирования системы образования. Это, в свою очередь, направлено на повышение эффективности и качества всех уровней образовательного процесса путем развития системы образования с использованием инновационных технологий, реализующих цели личностно ориентированного образования. В соответствии с этим проводящий уроки с использованием в учебном процессе новых информационных и инновационных технологий, разносторонний, образованный, склонный к жизни, обладающий оригинальным мышлением, способный выражать свое мнение и осознавать свою ответственность за свои поступки и общество в которой он живет, в семье, обществе, формирование конкурентоспособной личности, чувствующей свою социальную роль в трудовом коллективе, стремящейся к саморазвитию, - задача, стоящая перед современным педагогом.

Новые информационные технологии - это процесс подготовки информации в образовании и предоставления ее учащемуся. Основным инструментом в реализации этого процесса является компьютер. Компьютер – прекрасный инструмент, позволяющий решать новые, свежие дидактические возможности в образовании.

шеберлікті талап етуде. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім де, білім мен ғылымның баға жеткізгісіз қорын барынша арттыру, оны қазіргі заманға сай ету қажет», - деген сөзі қазіргі білім берудің басты ұстанымын айғақтай түседі. [1,3]. Сондай-ақ жекелеген міндеттерді жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етуді атап көрсетті. Ол туралы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу», - делінген. [2]. Яғни, ұлттық құндылығымызды сіңірген халықтық педагогикадағы тағылымдарды ұрпақ тәрбиелеудің басты кезіне айналдыру шарт. Заман талабы өзгерген сайын мұғалімдер қауымына да жүктелетін талаптар саны артып отыр. «Жаңа заманның талап етіп отырған ұстаздары қандай болу керек?» деген сауалға әр ұстаз тек білім берумен ғана емес, шығармашылық ісімен, ғылыми ізденісімен ғана жауап бере алатыны сөзсіз. Өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашылық тұлға. Ол жоғары білімді, шығармашылық тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты», - деп [3,4] үлкен жауапкершілікті мұғалімдерге жүктей отырып тек сапалы білім берумен ғана шектелмей, шығармашылық, ғылыми ізденістермен шұғылдануға жол нұсқайды.

Шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі шығармашылықпен айналысу керек. Қазіргі ақпараттық, компьютерленген заманда оқытудың жаңа технологиясынан іздене отырып, жан-жақты дамыған құзырлы тұлғаны, шығармашылық ізденістегі тұлғаны дамыту көзделіп отыр. Ал, шығармашылық дегенімізге тоқталатын болсақ, ол туралы ғалымдар тарапынан берілген анықтамалар баршылық. Мысалы, педагог ғалым Г.Ю.Ксензова «Шығармашылық кез-келген жеке тұлғаның атрибуттық ерекшелігі, оның құрылымының ажырамас компоненті. Егер шығармашылық бастама болмаса, ол адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну мүмкін емес» - дейді. [4,125-б]. Яғни, шығармашылықтың өзі – адам баласының бір бөлшегі, тек оны дамыта білу, көзін аша білу керектігі айрықша нұсқалған. Ал ғалым М.Поташник төмендегінше анықтамалар береді: - Жаңа өнім жасау немесе бұрынғы өнімді жаңалап жетілдіру; - Іс әрекеттегі қайталанбайтын, өзгеде жоқ нәтижелі өнім; [5,78-б] Яғни, ғалымдар пікіріне сүйенсек, шығармашылық – ол оқушының өзіндік

ізденісі, табысы, шығармашылық ойлауы, жаңа дүниені ұсына білуі. Алайда бұл іс әрекетті барлығына тән деп түсініп, барлығына бірдей талап ету мүмкін емес. Оқушылардың бұл деңгейдегі іс әрекеттері әр баланың шығармашылық қабілетіне сай өрбіп, мұғалімнің шығармашылыққа жетелейтін ізденістеріне байланысты дамып отырады. Төменде өз іс-тәжірибемізден туындаған оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалардың үлгісін ұсынып отырмыз. Абай поэзиясы – аффоризмге тұнып тұрған, сұлулықтың, тазалықтың, адамгершіліктің бастауы. Қазақ әдебиеті шеңберінен асып, әлемдік поэзияның алыбына айналған ақын жырларымен қазіргі таңда бүкіл әлем сусындап, ақынның ән-күйімен тербеліп отыр. Олай болса, қазіргі жаһанданған заманда Абай мұрасымен ұрпақты тәрбиелеудің, ақын тағылымынан ғибрат алдырудың маңызы зор.

Рухани жаңғыру – адам баласының, оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Ұланғайыр даланы мекендеген қазақ халқының тілінде, мәдениетінде, салт-дәстүрінде ғасырлар бойы қалыптасқан біртұтастық, бірегейлілік сақталған. «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бірі ғана», – дейді Елбасы. Күн сайын өзгеріп жатқан дүниеде сана – сезімімізбен дүниетанымымызды мықтап қолға алып, заман талабына, ағымына икемдеу, жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойымызға сіңіруіміз керек. Әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңестіре алмаймыз. Біз халқымыздың тарихы мен үзілмеген ұлттық салт – дәстүрлерін өркендеудің алтын дінгегі ете отырып, нық басуымыз керек.

Осы орайда ұлттық кодымызды ұлықтау мақсатында Абай шығармаларын қазақ тілі сабағында кіріктіріп оқыту үлгісін ұсынып отырмыз.

«Есімдіктерді» өту барысында, төмендегі шығармашылық тапсырмаларды оқушыларға береміз:

I «Абай өлеңдеріндегі есімдіктердің маңызы» дәлелдеме пікір жазу:

Үлгі: 1) Өлеңнен берілген үзіндіге сәйкес, есімдіктердің мағыздылығы туралы дәлелдеме пікір жазыңыз.

1. Өзіңе сен, өзіңді сүйреп шығар...
2. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...
3. Қайран менің, жүрегім мұз болмай ма...
4. Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол...

Ескерту: Оқушылар өздері қалаған өлеңнің негізінде өз ойын қорытып, дәлелдеме жазады.

2) «Орнын тап» (тиісті жерге есімдіктерді орналастыру)

.... жүрегім толғансын ... алсын, аңғарсын ...

Алланның ... де рас, сөзі де рас.

Керекті сөздер: өз, сол, өзі т.б.

II Іздендіру, салыстыру бағытындағы тапсырмалар:

1. Ақын тіліне поэтикалық талдау жасаңыз. Эпитет, Теңеу, Метафора, Қанатты сөздерді өлеңнен тауып, мағыналық талдау жасаңыз.

Өлеңнің аты - «Сегіз аяқ».

Ауру жүрек, Өрнегін сендей, Іші – алтын, Сөз түзелді, ызалы жүрек, долы қол сала алмас... сырты – күміс, өлең – сөздің патшасы, тыңдаушы сен де түзел...

Ескерту: Өздерің қалаған өлеңнің негізінде поэтикалық талдау жасай отырып, есімшелердің қолданысына назар аударыңдар.

III Іздендіру, зерттеу бағытындағы тапсырмалар:

Абай – Табиғат және Есімдіктер. (ақынның табиғат лирикасындағы өлеңдеріндегі есімдіктердің қолданыстарына назар аудару, маңызын дәлелдеу, сөйлемдегі қызметін талдау).

IV. Өз қалаулары бойынша орындалатын шығармашылық бағыттағы тапсырмалар:

1. - Абай және Мен (ақындық платформасын құру);

- Абай және Қазіргі қазақ тілі (ғылыми реферат) ;

- «Абай мұрасы – тәрбие бесігі» (эссе, сыр толғау);

- «Абайша толғансам...» (жыр толғау, жыр шашу);

2. «Дәстүр мен жаңашылдық» (Абай дәстүрі қазіргі кезең әдебиетінде)

а) Абай Ұлықбек Есдәулет үндестігі мен айырмашылығы;

ә) Абай Тыныштықбек үндестігі мен айырмашылығы;

б) Абай Нұрлан Оразалин үндестігі мен айырмашылығы.

Қорытындылай келе, тәжірибеге сүйене отырып, өнімді нәтижеге бағытталған шығармашылық тапсырмалардың тиімділігін төмендегідей саралауға болады:

- оқушылардың білім деңгейлерінің көтерілуіне түрткі болады;

- белсенділіктеріне, қызығушылықтарына әсер етуі;

- оқушылардың шығармашылық ойлауына, танымдық қабілеттерін оятуы;

- өздерін өзі оқытуға, өзгелерді оқытуға негізделуі;

- ғылыми ізденіске жоба жасауға жетелейді.

Жалпы әдебиет сабағын оқыту технологиялары келесідегідей сабақ жүргізу әдістерінен құралады:

- ✓ Творчестволық оқу әдісі.
- ✓ Эвристикалық оқу әдісі.
- ✓ Зерттеу оқу әдісі.
- ✓ Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс,
- ✓ проблемалы әдіс,
- ✓ репродуктивті әдіс,
- ✓ интеграциялап оқыту әдісі.
- ✓ Теориялық білім алуға бағытталған әдістер; ақпаратты беру және алу жолын қамтамасыз ету; информация.
- ✓ Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту

Ал әдебиеттегі шығармаларды оқыту келесідегідей сипаттарда көрініс табады. Атап айтқанда:

- Эпикалық шығармаларды оқытудың өзіндік сипаттары:

Проблемалық оқытудың эпикалық шығармаларды меңгерудің тиімділігі. Проблемалық сұрақтардың қызметі, проблемалық ситуацияны шешудегі ой белсенділігі. Шығарманың сюжеттік-композициялық желісіне талдау жасаудың жолдары.

- Драмалық шығармалардың оқытылуы:

Драмалық туындылардың жанрлық табиғатына сай мәтінмен жүргізілетін жұмыстар, авторлық идеялық-эстетикалық шешімін табу, драмалық шығармаларға қатысты акт, көрініс, монолог, диалог, шегініс, ремарка, тартыс т.б. әдеби-теориялық ұғымдар қызметі. Драмадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, белгілі бір жүйемен бір арнаға өрбіп дамуы. Драмалық шығармаларды оқытудағы әдістемелік тәжірибелер.

- Лирикалық шығармаларды оқыту:

Лирикалық қаһарман, лирикадағы әсемдік, идея, тақырып, лирикадағы сюжет мәселесінің өзіндік ерекшелігі. 5-6 сыныптарда өлең оқыту. 7-8 сыныптарда өлең оқыту, 9-11 сыныптарда өлең оқыту.

Жеке пәндерді оқыту процесінде оқушылардың тек сол пәнге туыстас ғылым салаларынан алған білімін есепке алып, оны үйлестіріп оқытумен шектелмей, жұмыс барысында басқа пәндерден де ортақ факт, түсінік, идея, заңдылықтар тауып, мәселені кешенді түрғыдан шешуге ұмтылған тиімді. Оның бәрі көркем шығарманы философиялық, әлеуметтік жағынан талдап-түсіндіруге қажет. Бір ескерерлік жай, көркем шығарманы талдау - көркем өнер туындыларын талдаумен ұқсас, сабақтас. Өйткені олардың бәрі - адам рухының шырыны, бәрі бір

бақшаның жемісі. Мектепте оқытылатын көркем шығармалардағы әдеби-тарихи деректерді шәкірттерге ұғындыруда оқушыны ынталандыратын, білімін тереңдетуге көмектесетін оқытудың жаңа әдісімен жүргізілетін сабақ түрлері көп.

Соның бірі - кіріктірілген сабақ түрі, яғни интеграциялық сабақ. Оқушыларға тиянақты білім беріп, шығармашылық ойлау қабілетін, танымын дамытуда интеграциялық сабақтың алатын орны ерекше. Ол - пәнаралық байланыстың кеңейтілген күрделі бір түрі. Интеграциялық сабақ өткізу алдағы қойған максатты тыңғылықты жүзеге асырғызып, жинақталған мол материал, алуан түрлі жұмыс түрлерін жүйелі де көбірек орындауға негіз қалайды. Қарастырып отырған жайдың тамыр тереңіне бойлатып, сабақты жанды, эмоционалдық қуатқа бөлей өткізіп, шәкірттердің эстетикалық талғамынан шығып, ақыл-ой деңгейін өрістетеді. Мұғалімдер тарапынан іске асырылатын мұндай іс-шаралар шәкірттердің тарих, мүсін, кескін өнері, саз өнері, сәулет өнері, театр өнері жөніндегі бастауыш ұғымдарын кеңітіп, солар арқылы көркем туындыны басқа қырларынан танып бағалауға дағдыландырады.

Осы орайда «Қазақ әдебиеті сабақтарын интеграциялап оқыту жолдарына» тереңірек тоқталған жөн. Бейнелеу өнері туындыларын әдебиет пәнінде оқыту көркем шығарманы бағалауда оқушының диалектикалық танымын үстейді. Қарастырылып отырған мәтіннің мазмұнына лайықтап салынған суреттер мектеп оқушыларының эстетикалық талғам-танымын күшейтіп, кейіпкерлердің характерін нәзік сезінуге, нақты тарихи кезеңдегі кейіпкерлердің бет-бейнесін, дәуір мен уақытқа сай тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық құрылысын, салт-сана, әдет-ғұрпын аңдып, тұтынған қару-жарағын, еңбек құралдарын көріп, табиғат құбылысынан сол кезең тынысын сезінуге, әдебиеттің сөз өнері ретіндегі ерекшеліктерін саралауға септігі тиеді. Әдебиет сабақтарын сурет, яғни бейнелеу өнері сабағымен біріктіріп өткізу, оқушылардың әдебиет пен сурет пәндерінен алған білім дағдыларын өрістетудің эффектісі жоғары, нәтижесі табысты болады.

Осындай, әдебиет пен сурет пәндерінің кіріктірілген сабақ: «Абайдың табиғат лирикасы» атты сабақ. Бұл сабақта сурет пәнінің мұғалімі табиғат тақырыбына салынған суреттерді көрсетіп, Абай табиғатымен салыстырады. Және қыс пен күзді салқын түсті, ал көктем мен жазды жылдың жылы түсімен бояп, әдеби теориясына көңіл бөлген кезде сурет пәнінің мұғалімі портрет, пейзаж ұғымдарына кеңінен тоқталып өтеді.

Сабак барысынла оқушылар Абайдың табиғатты бейнелейтін өлеңдерінің кез келгенін оқи отырып, ой елегінен өткізе отырып, сурет салады. Ертеңгі күні сол суреттерден көрме ұйымдастырған абзал.

Әдебиет пен музыка сабақтарын кіріктіріп өткізген сабақтарда да шәкірттер сырлы да сиқырлы үндер гаммасынан оқиғалардың өрбуін өзінше ұғынып, әрекеттердің құбылысын бағыш отырады. Музыка адамның жүрек қылын қозғайды, сондықтан көркем шығарманы оқыту процесінде оқушылардың шығарма мазмұнын, адамдардың амал-әрекет, жан құбылыстарын шынайы сезініп, ескеріп, музыкалық шығармаларды оқушылардың өздеріне кіріктіре оқыту арқылы белгілі бір шешімге келудің маңызы зор. Бір ескертетін жай, эпикалық шығармалардан гөрі лирикалық шығармаларды оқыту қиын, күрделі келеді. Сондықтан лириканы өтерде құлақтың құрышын қандырып. Жан дүниенді елітетін музыкалық туындыны қоса пайдаланып, көркем туындыны сонымен ұштастыра талдап оқыған пайдалы. Нәрлі, құлаққа жағымды музыкалық туынды әдебиет сабағында ләззатқа бөлеп, шығармаға деген әсерін күшейтіп, эстетикалық тәрбие береді. Кәдімгі сөзбен сурет салып, оқиғаны бипаздап, баяндау сәтінде әдеби туындыны музыкалық туындымен ұштастырып, салыстырып, көркем мәтіннің сюжетін, тақырыбын ашу кезінде ара-тұра музыкалық туындыны тыңдап немесе орындап, оқушыларға орындатып отырса, оқушылармен жұмыс істеу жеңіл болады.

Осы бағытта мынандай екі сабақты ұсынуға болады:

1. «Қазақтың музыкалық ұлттық аспаптары»;

Бұл сабақта мен әдебиетші ретінде әр музыкалық аспаптың шығу тарихын, әрине, әдеби аңыз-әңгімелерге еүйене отырып, әңгімелеп берсе, музыка пәнінің мұғалімі әр аспаптың үнін қалай ойналатынын, құрылысын, оркестрде алатын орнын баяндады.

2. «Абайдың ән әлемі» атты сабағы.

Бұл сабақтың мақсаты: халқымыздың дана акыны, сазгер Абайдың мұрасына қызығушылығын арттыру арқылы оқып-білуге, тани түсуге ынталандыру, оқушыларды өнерге баулу.

Оқушыларды «Асыл сөз», «Ән-әуен» деп екі топқа бөлуге болады. Алдын-ала берілген тапсырмалар бойынша, әдебиет пәні мұғалімінің көмегімен "Асыл сөз" гобының оқушылары Абай өлеңдерінің шығу тарихына әзірленіп келсе, «Ән-әуен» тобындағы оқушылар Абай өлеңдерінің әндерін музыка пәнінің мұғалімінің көмгімен жаттап, шырқауға дағдыланды. Бұл сабақта музыка пәнінің мұғалімі Абайдың

көпшілік біле бермейтін «Май түні», «Торы жорға» күйлеріп орындайды. Сабақ әрі кіріктірілген сабақ, әрі концерт сабақ ретінде жүргізіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Орта білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы» 3 – бап, Алматы, 2001 ж.
2. Г.Ю.Ксензова «Перспективные школьные технологии» Москва, «Наука» 2001 ж. 205 стр.
3. М.М.Поташник «Как развивать педагогическое творчество» Москва, «Наука» 1987 ж. 230 стр.
4. А.К.Жанабілова «Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы» Өскемен, 2008 ж.

ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ЖАҢА ОҚУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Серікхан Амангүл Серікханқызы,
Абай облысы, Ақсуат ауданы
«Би Боранбай атындағы орта мектебінің»
қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі

Оқушыны қазіргі заманның талабына сай етіп өсіру – басты талап. Бүгінгі күні білім саласында жүзеге асып жатқан игі істердің барлығы осы мақсатқа жұмылдырылған. Оқушыны жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу мен білім беру мақсатында атқарылатын жұмыс түрлерінің саны жетіп артылады. Біз қолда бар мүмкіндіктерді қажетінше қолданып, әр баланың өмірден өз орнын таба білуіне мұрындық бола алуымыз қажет. Кез келген пәнді оқыту кезінде үш нәрсеге басым көңіл бөлінеді:

- Оқушының ынта-ықыласы, оқуға деген ниеті;
- Мұғалім біліктілігі;
- Материалдық-техникалық база.

Бұлардың барлығы бір-бірімен байланысты бір жүйе болып келеді. Оқушының ынта-ықыласын арттыруда мұғалім біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты болып келеді. Оқушының пән

мазмұнын игеруге деген қызығушылығын ояту үшін әр сабақты жүйелі жоспарлап, оқытудың озық жаңа технологияларын, тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана білуіміз қажет.

Кез келген пәнді оқыту кезінде оның өзіндік пәндік спецификасын ескере отырып, оқушыны соған бейімдеу қажет. Мәселен, дене шынықтыру пәні десе, оқушылар түрлі жаттығулар жасап, спорттық ойын түрлерін ойнайтындығын біледі. Ал қазақ, орыс, ағылшын тілі пәндерінде жаңа сөздер игеру, мәтінмен жұмыс жасау, сөздікпен жұмыс жасау, ереже жаттау, жаттығу жұмыстарын орындау, математикалық бағыттағы пәндерде формула жаттау, сол формулаға салып берілген есептерді шығару, музыка пәнінде ән айту, көркем еңбек пәнінде түрлі қолөнер жұмыстарын жасау қажеттілігін түсінеді.

Кез келген пәнді оқытудың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижесі және тақырыптық жоспары мен мазмұны айқындалғаннан кейінгі мәселе оқыту технологиялары мен оқытудың әдіс-тәсілдерінің қолданылу ерекшелігі болмақ. Жалпы оқыту технологияларын меңгеру бұл ұстаз атаулының мойнындағы ең басты парыздарының бірі. Оқытудың озық технологияларымен қаруланған оқытушы сабағының нәтижеге бағытталып, өзінің көздеген межесіне қол жеткізетіндігі анық.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін орта мектептерде педагогикалық оқыту технологияларының арасында төменде көрсетілгендері ең жиі қолданылатын оқытудың озық технологиялары деп танылады:



Бұл аталған технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдерін оңтайландырып, сабақтың мақсат-міндеттеріне орай таңдап қолданамыз. Олар сабақ барысында үнемі бірін-бірі толықтырып, оқушылардың толыққанды білім алуларына мұрындық болып отырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның төмендегідей жетістіктерін қолдана аламыз:



Сабақта АКТ құралдарын қолдану балалардың


қызығушылықтарын арттырады, есте сақтау қабілеттерін жақсартады және тағы да басқа толып жатқан артықшылықтары бар. Бірақ оның бала денсаулығына зиянды жақтарын да ескеріп, әр сабақта АКТ технологиясын қолданудың бір ғана элементін пайдаланғанымыз жөн. Балалар бірсарындылықтан жалықпауы үшін әр сабақ сайын түрлендіріп, тек сабақ мазмұнын ашуға тиімділігі жоғары бір ғана әдіс-тәсілін таңдап отырғанымыз абзал. Өзара тығыз байланыстағы қашықтықтан оқыту технологиясы мен ақпараттық-коммуникациялық технологиясының мүмкіндіктері оқытудың ынтымақтастық технологиясының негізінде жүзеге аспақ. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс барысында ынтымақтастық технологиясы мен білім беруді ізгілендіру технологиясының алатын орны айрықша болып келеді.

Әрбір педагогикалық оқыту технологияның ерекшелігі бар және олардың әрқайсысында қолданылатын әдіс-тәсілдері сабақтың тиімділігін арттыра түседі.

«Сиқырлы қарындаш» әдіс. Бұл әдісті 5-7 сыныптарда сабақтың өн бойында, яғни, үй тапсырмасын сұраған кезде, жаңа сабақты бекіту кезінде немесе қорытындылауда қолдануға болады. Қара, қоңыр түсті қарындаштарға жеңіл сұрақтар, қызыл,көк түсте орташа сұрақтар, жасыл, сары түске қиын сұрақтар жазылады. Оқушылар өз деңгейлеріне қарай қарындаштарды алып, сұраққа жауап беріп, сия сауытқа салады. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтымақын арттырады. Сабақтың өн бойында қолдануға тиімді әрі қызықты әдіс.



«Кейіпкерге хат» және «Авторға хат» әдістерін көбінесе әдебиет пәндерінде жиі қолданамыз. Бұл әдісті сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Авторға немесе кейіпкерге әр шығарма бойынша өз ойларын жазады және хат құрылымын сақтайды. Бұл әдісте оқушылар өз ойларын жүйелеп жеткізуге және ой қорыта біледі.





Педагог әр сабақта тиімді әдістерді қолдануға тырысады. Мен де әр тақырыпқа байланысты кейбір тиімді әдістерді ойлап табуға тырысамын. Соның бірі – «Әліпби» әдісі. Ол әдісті дыбыстарды өткен кезде жиі қолданамын. Оқушылардың есінде дауысты, дауыссыз дыбыстардың жақсы сақталуы үшін өте тиімді әдіс. Бір жағында әріп, екінші жағында сандар жазылған қиылған қағаздарды алып, ол әріпке фонетикалық талдау жасап, тақтадағы әліпбидегі орнына жапсырады. Барлық оқушы өзі таңдап алған әріпке талдау жасап, әріптерді орнына жапсырады. Соңында әліпбиіміз шығады. Оқушылар қызыға орындап, әрі фонетикалық талдауды жаттап алады. Бұл әдісті 2015 жылдан бері қолданып келемін. Өте қызықты әрі тиімді әдіс.



ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың пән мазмұнын игеруіне ықпал ететін үш жағдайды педагогтар ерекше атап өтеді. Оның біріншісі – оқушының пәнді оқып-үйренуге деген ниеті, ынта-ықыласы, екіншісі – шебер ұстаз, үшіншісі – материалдық-техникалық база. Міне, осы үшеуі бір-біріне сай болса, пән мазмұнын игеруге нақты жол ашылмақ. Оқушылардың пәнге деген ынта-ықыласын арттыра білу де ұстаздың педагогикалық шеберлігіне байланысты болмақ. Бірсарынды жүйемен оқушыларды жалықтырып

алмас үшін, сабақтың формасын, орындалатын тапсырмалардың түрлерін өзгертіп, түрлендіріп отыру қажет. Ал материалдық-техникалық базаға көбінесе, АКТ құралдарының жеткілікті болуы, оларды тиімді қолдана білу, тарих пәнінде кестелер, фото суреттер, жылнамалар т.б. тәрізді көрнекілік құралдардың да басым болуы мысал бола алады.

Біз осылардың арасында оқушылардың өткен тақырыпқа қатысты материалды қаншалықты игергендігінің көрсеткіші болатын әрі олардың алған білімдерін өмірде қолдана білетіндіктерінің дәлелі ретіндегі тапсырмаларға қысқаша тоқталмақпыз. Оқушыларға өткен тақырып бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру олардың нақты бір дағдыларының да қалыптасуына ықпал етеді. Тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығы оянады, белсенділігі артады, өзара шығармашылық бәсеке туындайды, шығармашылық қабілеті қалыптасады, өз бетімен іздену дағдылары дамып, алған білімдерін өмірде, тәжірибеде қолдана біледі. Оқушылардың психологиялық және физиологиялық, әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктерін ескере келе дамудың жоғары сатысына жетуге бар ынтамызбен күш-жігерді жұмсау ата-ана мен ұстаз мойнындағы жауапты іс екендігін естен шығармайық. Әр бала өмірден өз орнын таба білсе деген ой-тілек қана бізді алға жетелей түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. – Алматы: Дарын, 2012.
2. Технология талаптары тіл дамыту үрдістерінде. – Астана, 2008.
3. Ғаламтор материалдары.
4. Әдіс-тәсілдер жинағы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ РЕФЛЕКЦИЯСЫ

Рамазан Айдана Ерназарқызы,
Алматы облысы, Талғар ауданы
Еңбекші ауылы, №39 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі кезеңде білім беру саласын заман талабына сай дамытудың негізгі факторы жаңашылдықты талап ету болып табылады. *Мұғалім*

мамандығы – іштей қарама-қайшылыққа толы күрделі мамандықтардың бірі. Мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімінің орны да ерекше. Оның даму диалектикасы қалыптасқан дәстүрлерді сақтауға ұмтылудың және кешегі дәстүрлерге бүгін өзгеріс ендіре отырып, жаңашылдыққа ұмтылудың арасындағы қарама-қайшылықтардан құралады. Қазіргі ақпараттық технологиялар қарқынды дамып отырған заман талабының өзі мұғалімнің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізуді қажет етіп отыр. Егер бұрын мұғалімнің негізгі міндеті білім мен танымдық тәсілдер түрінде жылдар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені тарату болса, қазіргі қазақ тілі мұғалімінің алдында әрбір нақты оқушының зияткерлік тұрғыдан дамуын жоспарлап, жобалай білу және тиімді басқару міндеті тұр. Осы тұрғыда, баяндамаға негіз болып отырған тақырып, мұғалімнің кәсіби деңгейінің жоғары болуын талап етеді, ал жаңашыл мұғалімге тән қасиеттердің бірі оның кәсіби рефлексия жасай білуді меңгеруі болып табылады.

Баяндаманың өзектігі, білім беру жүйесі негізінде қазақ тілі пәнінің мұғалімінің сабақ процесінде рефлексиялық үдерістің алатын орнына талдау жасау болып табылады.

Баяндаманың жаңалығы, қазақ тілі мұғалімінің сабақ процесінде рефлексия арқылы оқушылардың оқу және үйрену іс-әрекетін жобалау және оқыту барысындағы іс-әрекетіне қатысты өзін-өзі талдау, бағамдау жұмыстарын жаңаша сипатта талдау тәсілдері ұсынылды. Мақалада қазақ тілі мұғалімінің кәсіби рефлексиясын дамыту жұмыстары жан-жақты талданады.

Рефлексия дегеніміз – адамның өз әрекетіне, жай-күйіне және болған оқиғаларға талдау жасауға бағытталған ой талғанысы. Рефлексияның, яғни өзінің іс-әрекетіне талдау жасаудың сапасы адамның білім деңгейіне, моральдық күйі мен өзін-өзі бақылай білу дәрежесіне байланысты болады. Қарапайым тілмен айтқанда, рефлексияны «өзімен-өзі кеңесу» деп атауға болады. Қазіргі күнде педагогика ғылымында рефлексия- іс-әрекет пен оның нәтижесіне өз бетінше талдау жасау ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыда ғалымдар «рефлексия» ұғымын жан-жақты ашуға тырысады [1. 65]:

- 1) **субъектінің іс-әрекетінің құралын өзгертуді сезінуі** (В.В.Давыдов, А.З.Зак, Е.И.Машбиц және т.б.);
- 2) **іс-әрекеттер арасындағы қатынасты орнату үдерісі** (Н.Г.Алексеев, В.К.Зерецкий, В.И.Слободчиков, Г.А.Цукерман және т.б.);

3) басқа субъектінің іс-әрекетіне қатысты бір субъект іс-әрекетінің сыртқы бағыты (О.С.Анисимов, Г.П.Щедровицкий және т.б.);

Қазақ тілі мұғалімінің шеберлігін арттырып, білім алушымен қарым- қатынасын нығайту үшін әр сабақ сайын рефлексия жасай білу өте маңызды. Мұғалім үнемі өзін жетілдіруге, өздігінен білім алуға, педагогикалық құндылықтарын шыңдауға ұмтылуы қажет. Педагогтің рефлексиялық қасиеті кәсіби дамуының негізгі шарты болып табылады. Ол екіжақты жүзеге асады, яғни оқушының да, мұғалімнің де тарапынан саралау, бағалау, түйіндеу мақсатында жүзеге асып отырады.

Рефлексия ұғымы сын тұрғысынан ойлау және кеңістік, проблемалық оқыту технологиялардың кірігуімен жиі қолданылатын болды. Психологиялық әрі философиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, «reflexio» латын тілінен аударғанда «артқа қарау» дегенді білдіреді. Білім алу барысында барлық тақырыптардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін ескере отырып, үздіксіз дамудың негізі ретінде рефлексияның құндылығы жоғары деген тұжырымға келе аламыз. Мысалы, 9- сынып оқулығында «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан» атты бөлім бойынша артқы тақырыпқа көз жүгіртіп тілдік бағдарларды (Сөйлем. Сөйлемнің түрлері. Жай сөйлем. Құрмалас сөйлем) қайталай отырып, жаңа сабақпен байланысын, (Құрмалас сөйлемнің түрлері. Салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлем) анықтайды.

Қазақ тілі сабағы барысындағы рефлексия оқушыға өзінің осы уақытқа дейін меңгерген білімін қорытындылап, жаңа тақырыппен байланыстыра білуге баулиды. Егер білім алушы сабақ соңында өз- өзіне рефлексия жасап, тақырыпты қаншалықты меңгергенін, орындаған тапсырмаларын талдай алмаса, білім алудағы жетістіктерін де байқай алмайды. Рефлексия жасау барысында адам қашан да өз-өзімен ішкі диалогта болады да, оның психикасы екіге бөлінеді. Біреуі «Мен-өзім», екінші бөлігі «Мен-басқа» рөлінде болады және жағдайға екіжақты қарайды. М.М.Бахтин атап өткендей, оқушы санасы «Мен-орындаушы» және «Мен-қадағалаушы» болып екіге бөлінеді. Білім алушы осылайша өз әрекеттеріне сырт көзбен қарап, таразылайды, олардың дұрыс-бұрыстығын ажыратады. Рефлексия жазу сабаққа қатысты өз ойларын ретке келтіріп түзеуге, тіпті сезімдерін ой-тұжырымдарға айналдыруға мүмкіндік береді. Өйткені ішкі сезімдерді сипаттауға талпыныс жасау олар туралы ойланып тұжырым жасауға алып келеді [2. 129].

Ғалым И.Слепцова өзінің еңбектерінде педагогтің кәсіби қызметінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде кәсіби-рефлексивті қабілетті

атап айтады да, бұл мұғалімнің кәсіби дамуға ұмтылуы, оның дербестігі дамуының жоғары деңгейі, педагогикалық міндеттерді, проблемаларды шешуді негіздей алу қабілеттері, өзінің және оқушылардың іс-әрекеттерін шынайы бағалай алуға мүмкіндік беретін дамыған рефлексивті дағдылары деп түсіндіреді.

Педагогикалық рефлексияның екі жоспарлы тұжырымдамалық моделін бөледі:

- *Операциялық деңгей-* сындарлы-орындаушылық, мотивациялық, рефлексиялық санада көрінетін болжау аспектілері.
- *Өзіндік тұлғалық деңгей-* мұғалімнің өз қызметіндегі кәсіби-тұлғалық субъектілік бағыттаушылық және рефлексиялық жағдаятқа тұлғалық, субъектілік кірісу [3. 37].

Рефлексия тек сабақтың соңында емес, тұтас білім алу процесі барысында орындалатынын ескерген жөн. Сабақтың әр кезеңінде оның өзіндік функциялары болады. Кезеңдерге байланысты классификациясы негізгі 3 бөліктен тұрады. Сабақтың басындағы рефлексия жағымды психологиялық ахуал қалыптастырады және оқушылар зейінін арттырады. Бұл жаңа тақырып алдында орындалатын эмоционалды жағдай рефлексиясы. Ол оқушының көңіл-күйін жақсартып, жағымды әсер тудырады. Іс-әрекет рефлексиясы жаңа тақырыпты ой елегінен өткізіп, оны орындаудың рационалды әдістерін қарастыруды мақсат етеді. Оқу материалымен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді еске түсіре орындауға көмектеседі.

Мақаланы негіздей отырып, сабақ үдерісінде айтарлықтай орын алатын рефлексиялық талдауларды ұсынамыз: орта және жоғары сынып оқушыларының аналитикалық және критикалық ойлау дағдысын қалыптастыру үшін рефлексия жасау барысында бизнес пен маркетингте жиі қолданылатын SWOT анализді қолданған тиімді. Осының арқасында оқушы жаңа тақырыптың құндылығын әрі практикалық қолданысқа қажет екендігін түсінеді. Қазақ тілі мұғалімі рефлексия жасай отырып, төмендегі критерийлер бойынша жұмыс істейді:^[1]_[56]

S-strengths-мықты тұстары (ішкі фактор)

W-weaknesses- әлсіз тұстары (ішкі фактор)

O-opportunities-мүмкіндіктер (сыртқы фактор)

T - threats-қатерлер (сыртқы фактор).

SWOT анализді сабақта рефлексия жасау үшін еркін меңгерген оқушы жеке тұлға ретінде есеп беріп, күрделі мәселелерді тез шешу жолдарын білетін креатив маман болып өседі.

Жоғарыда айтып өткендей, сабақ материалын меңгеру рефлексиясы өтілген тақырыпты қорытындылап, бекіту мақсатында қолданылады. Қазіргі таңда жай ғана «бүгінгі сабақта не білдің?» деген сұрақтың орынына көптеген интерактивті әдістер қолданылады. Мәселен, «Синквейн» әдісі, «ПОПС» формуласы, «Балық қаңқасы», «Хокку» сияқты әдістер бар.

Компьютерлік технологиялардың шексіз мүмкіндіктерінің арқасында біз кез- келген әдісті электронды формаға түсіре аламыз. Қазіргі күнде практика барысында рефлексия алуда мынадай технологияларды пайдалану тиімді болды. Олар: Quizizz. Quizalize. Quizlet. Padlet. Traveling және т.б. Сонымен қатар, тілдік бағдар, грамматикалық тапсырмаларды толық қамти отырып, белгілі уақыт ішінде барлық оқушыны жылдам бағалап, әрі мониторингте анықталған жауаптарын саралай, талдауға жол ашылды. Қазіргі кезде, қазақ тілінен синхронды сабақ беру барысында ортақ электронды тақтаны қолдануға болады. Оның үлкен артықшылығы оқушыларға тіркеліп, бағдарламаны жүктеудің қажеті жоқ. Олар мұғалімнің тақтасына қосылады. Ол үшін WebRoom, Know Lounge, Stoodle, Draw Chat сынды шетелдік сайттардың көмегіне жүгінуге болады.

Қазақ тілі мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында, оқу процесіндегі қателіктер мен кемшіліктерді, артықшылықтар мен ерекшеліктерді анықтау мақсатында оқушылар рефлексиясын бір арнаға жинақтастырған жөн. Мәселен, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сыныптардың әрқайсысының жеке парақшасы бар немесе бір сайт ашып рефлексия материалдарын оқушыларға қолжетімді етіп жариялап отырсақ, олар бір-бірімен пікір мен тәжірибе алмасады. Қазақ тілі мұғалімі, біздердің тарапымыздан аналитикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, статистикалық мәліметтер қажет болған жағдайда бір платформадан ақпарат алу өте тиімді болды.

Зерттеушілер педагогикалық рефлексияны мұғалімнің өз қызметіне және оның субъектісі ретінде өзіне – өзі сыни талдау жасау, мәнін ұғыну және оқушының тұлғасын дамытудағы тиімділігін бағалау мақсатында белсенді зерттеушілік көзқарасты ұстану қабілетін байқататын күрделі психологиялық құбылыс ретінде түсіндіреді.

Рефлексиялық таңдаудың қай кезде іске асырылуына қарай іс-әрекетке дейін, іс-әрекет барысында немесе іс-әрекетті жүзеге асырғаннан кейін рефлексиясының бірнеше түрі ажыратылып жүр:

- алдын ала рефлексия;
- ілеспе рефлексия;

- ретроспективті рефлексия [4. 98];

Қазақ тілі сабағы барысында рефлексия жасаудың келесі мынадай әдісіне көз жүгіртейік. Біздер күнде оянамыз. Біздер күнде сұрақ қоямыз. Сол сұрақтың бір үлгісі ретінде рефлексиялық нысана тәсілін біздер талдап көрейік. Нысана төртке бөлінген: бір бөлігінде мұғалім, екінші бөлігінде оқушы, үшінші –күнделікті сабақтағы мазмұн, төртінші – әдіс. Мысал ретінде, нысана жайлы тәсілімізді талдауға салсақ, нысанадағы мұғалім бөлігінде 10 балдың ішінен 6 балл алдық. Демек, бүгінгі сабақта белгілі бір проблемалар мұғалімнің өзінен болды. Ол сабаққа тиісті дәрежеде әзірленбеді немесе сабақтың сол болатын кездегі өзінің тарапынан ішкі қажеттіліктерде бір тиісті дәрежедегі қызмет атқара алмады деген себеп. Демек, мұғалім ойланған кезде өзінен іздейді. Менен болған қателер қай жерде? Менің қолымнан келе тұрып, мен не істемедім? – деген сұрақтар оны мазалайды. Енді келесі объект (субъект) оқушы болатын болса, оқушыны біздер, айталық, мына жерде небәрі болар-болмас 2 ұпай жинады. Демек, сыныптағы 25 оқушының 10 балдық жүйемен небәрі 2 балды жинады дегеніміз – сабақта оқушылар мүлдем қызмет атқармады, сабақ оқушылардың қызығушылығын арттырмады, белсенділігі болмады. Демек, сабақтағы белгіленген негізгі мақсат тұлғаны дамытуға бағытталмады, оқушыны жетілдірмеді. Біздің ең басты кезектегі мақсатымыздың орындалмауын осы жерден іздеу керекпіз. Келесі бөлік – мазмұн. Мазмұнымыз да тиісті дәрежеде берілді деп айтуға болмайды. Өйткені бұл жерде мұғалім тарапынан кеткен қателік те болады. Мазмұн бізге мемлекеттік стандарт белгілеп тұрған, әрине, кей кездерде мөлшерден асып кетеді. Айтарлық, қазақ тілі пәнінде бір тақырыпта қаралатын мәселе 8, 9, 12 бетке шейін барады. Демек мұғалім бұл жерде сол мазмұнды бейімдеп, оқушыларға жеткілікті етіп беретіндей қылып қайта қарауы қажет. Мұндай мазмұн кез-келген сабақта кездесіп тұрады. Жас ерекшеліктерін ескермеу сәттері болып жатады, ғылыми негіз көп салынып кетеді. Демек, мұғалім өзінің қызметін үйлестіргенде осы проблемаға ерекше көңіл аударуы керек болады. Келесі өте маңызды бөліктің бірі – әдіс. Сабақтың 80%-дық мөлшері жетістікке жетуі үйлесімді, дұрыс әдіс-тәсілді тапқанымыз. Егер де қаншалықты қандай ауқымды мазмұн болғанның өзінде де мұғалім оқушыларға сол мазмұнды тиісті дәрежеде жеткізетін орынды әдіс-тәсілді тапса, сабақтың негізгі мақсаты да іске асады деген ойдамыз. Бұл тек қана бір мысал. Олай болса мұғалім осы әрекетті неге күнделікті атқармайды? Қандай бұған кедергі бар? Жалпы, рефлексия ұғымында кедергі болатын бірнеше себептер бар. Соның ең маңыздысы бұл

мұғалімге тән «үнсіздік мәдениеті». Екінші проблемасы – үндемеудің себептері. Біздер проблеманы басқа бір адам біліп қалса, ол мені күзіреті төмен, біліктілігі нашар ұстаз деп айтады деген бір қорқыныш бар.

Жалпы, педагогикада рефлексияның келесі түрлері ажыратылады:

Ретроспективті рефлексия – өткен жағдайға кең көлемде талдау жасау.

Проспективті рефлексия – осы сәтте, осы жағдайда болып жатқан әрекетке талдау жасау [5. 13]. Мысалы, 9-шы кластағы қазақ тілі пәнінде мұғалім ашуланып келіп оқушыға бар даусымен айқайлайды. 9-шы сыныптың оқушысы ол – ересек бала, белгілі өзінің мені, тұлғасы қалыптасып келе жатқан азамат. Бір қайтара дауыс көтерді мұғалім, екі қайтара дауыс көтерді, ақырында оқушы шыдай алмай: – Сіз маған не дейсіз, неге айқайлай бересіз? Қойыңызшы осы! – деп дәрекілік білдіреді. Осы жерде мұғалім үнсіздік ұстайды. Үнсіздік ұстайды да, сәл азғантай уақыттан кейін ол: – Болат, кешір. Мен шамадан тыс дауысымды көтеріп, сенің ар-намысыңа тиген болармын, – деген жағдайда білім беру үрдісіндегі сәт тез өзгереді. Оқушы да өзінің қателігін түсініп, оқушыдан кешірім сұрау мүмкіндігі үлкен. Демек, осы жерде мұғалімнің сол сәттегі проспективті рефлексиясы іске асты деп айтуға болады. Әрине, біздер рефлексия ұғымын қараған кезде ол үнемі артқа қарау деген сөз емес. Біздер бүгінгі істеп жатқан әрекетіміз ол, әрине, ертеңгі болашақтағы қызметке бағытталған. Талдау жасасақ та оны болашақта жақсарту үшін істейміз. Өйткені адамның қай-қайсысы да жақсы болғысы келеді. Соның ішінде педагог та жақсы болуға ұмтылатын мамандықтардың бірі деп ойлаймыз. Олай болса осындай жағдайда қажетті бұл – **интерспективті рефлексия**. Ол болашаққа болжау жасау арқылы ойлану.

Әрекет барысындағы рефлексия мен әрекеттен кейінгі рефлексия бір-бірінен жүзеге асырылу кезеңімен ерекшеленеді: синхронды түрде бір мезгілде іске асырылады немесе іс-әрекеттен кейін жүргізіледі. Әрекетке дейінгі рефлексия белсенді әрекетке дейін: әрекет әлі жоқ, ал оған талдау жүргізілуде. Мұндай рефлексия қабылданған шешімнің мүмкін болатын салдарлары мен нәтижелерін алдын ала талдауға бағытталған. Бірқатар ғалымдардың пікірінше, рефлексияның бұл түрі алдыңғы екі түріне байланысты туындауы тиіс нәтиже болып табылады. Мұғалімдер кейінге қайырылып, өздерінің ойлау үдерісін бақылау үшін ғана емес, келешектегі іс-тәжірбиесінде абайлап мұқият әрекет ету үшін рефлексия жасағаны орынды, бұл мұғалімдердің нақты мақсаттарына барынша сай келеді.

Қорыта келгенде, мұғалім рефлексиясы - өзінің білімін өмірдегі нақты жағдайларға сәйкес қолдану арқылы көрінетін мұғалімнің кәсіби тұрғыдан ойлануына тән сипат. Рефлексиялық тұрғыдан тыңғылықты тиянақтаусыз тұжырымдамалық түсініктерді құрайтын мұғалімнің кәсіби пәндік білімі санасында шашыраңқы болып, оның іс-әрекетіне тікелей бағыт-бағдар бере алмауы мүмкін. Өзінің күнделікті кәсіби тәжірбиесіне сүйене отырып, базалық теориялық біліміне үнемі рефлексиялық шолу жасап отыру мұғалімнің өз кәсіби қызметінде құзіретті болуына мүмкіндік береді. Мұғалімнің тек нені үйрету туралы ғана емес, білімді қалай меңгерту туралы және өзінің нені білетіні туралы білуі оның құзіреттілігінің бір қыры болып табылуы тиіс. Рефлексияда мұғалімнің өз кәсіби тәжірбиесінің мәнін ұғынуы аса маңызды. К. Ушинский атап көрсеткендей, «қолданылатын тәжірбиенің өзі емес, сол тәжірбиеден түйген түйінді ой маңызды» екені белгілі. Кәсіби маманның тәжірбиесі мен рефлексиялық ой-толғанысының ұштасуы оның кәсіби шеберлігін дамытудың негізі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбиев Ж. Педагогика. Алматы., 2004.-65 бет
2. Н.Д.Хмель. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы, «Ғылым»,2002.- 129 бет.
3. Синица И. Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. Алматы, Мектеп, 1997,- 37 бет.
4. Асқарбаева А Ұстаз ізденістері Алматы 1987.- 98 бет.
5. Б.З.Вульф, В.И.Харькин. Педагогика рефлексии. М., «Наука»,1997.-13.

СНАТ GPT ДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Жалғасбаева Гулфайруз Джамбулқызы,
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы,
Білім-Инновация Лицейінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Ұстаздық ету - ең маңызды, бірақ сонымен бірге қиын мамандықтардың бірі. Мұғалім ретінде сіз оқушыларға тиімді білім беру

үшін білімді, креативті және тапқыр болуыңыз керек. Дегенмен, технологияның пайда болуымен оқытуды жеңілдетуге және қызықты етуге көмектесетін жаңа құралдар пайда болды. Осындай құралдардың бірі-Chat GPT, оқыту сапасын жақсарту үшін әртүрлі тәсілдермен қолдануға болатын тілдік модель.

Біріншіден, GPT чаты дегеніміз не?

ChatGPT-бұл Open AI әзірлеген компьютерлік бағдарлама немесе тілдік модель, ол жасанды интеллектті (AI) және табиғи тілді өңдеуді (NLP) кеңестер мен сұрақтарға жауап ретінде мәтін құру үшін қолданады. Ол интернеттен және басқа көздерден алынған көптеген мәтіндік деректерге үйретілген, әрі терең оқыту алгоритміне негізделген. ChatGPT әртүрлі қолданбалар үшін пайдаланылуы мүмкін, соның ішінде тілдік аударма, контент жасау және ауызекі жасанды интеллект. Оның адамға ұқсас мәтінді түсіну және құру қабілеті оны тілді үйрену мен оқытудың құнды құралына айналдырды, өйткені ол жеке кері байланыс бере алады, әңгімелесу үшін кеңестер жасай алады, тіпті өзінің жазбаша жаттығуларын жасай алады.

Бұл презентацияда мен GPT чатын қазіргі сабақ жоспарлауда қарапайым және қызықты ету үшін қалай пайдалануға болатынын айтып өткім келеді. Мысалы, сіз "Present Perfect Tense" шағына анықтама ғана сұрап қоймай осы тақырыпта сабақ жоспарын құруға болады. Жақсы сабақ жоспарын алу үшін қалай жазуға болатыны туралы бірнеше кеңестер бар:

- *Write a lesson plan for year [year level] students on the [subject] topic of [topic] Ex: Write a lesson plan for year 8 students on the English subject topic of Present Perfect*
- *Give me 3 differentiated activities for independent practice. Make them at three levels of difficulty.*
- *Give me 5 discussion questions that require critical thinking.*
- *Give me a lesson summary of notes and lesson activities for absent students to complete from home.*

Сабақтың тапсырмаларын GPT чаты көмегімен жасап, жұмысыңызды жеңілдету мүмкіндігі бар. Сіз "Activities for teaching the Present Perfect tense" сияқты тапсырманы енгізсеңіз, GPT чаты сабағыңызды қызықты ету үшін қолдануға болатын әртүрлі активитилер ұсынады. GPT чаты сөйлемдерді аяқтау, диалог құру, әңгіме жазу сияқты тапсырмаларды құра алады. Мысалы, Блум таксономиясына негізделген

әрекетті алу үшін GPT чатын қалай пайдаланғанымның мысалы ретінде көрсетейін:

“Based on Bloom's Taxonomy, provide an activity for each category (remember, understand, apply, analyse, evaluate and create) on the topic Present Perfect for Year 8 students. Provide instructions for students on how the activity needs to be completed”

Тест сұрақтарын да осы Chat GPT да құруға болады. Келесі команданы былай берсеңіз: "Test questions on the Present Perfect tense", жалпылай түрде тест сұрақтарын жасап береді. Ал, нақты қадамдармен команда берсеңіз, сізге қажеттіні жасай алады: *“Give me 5 complex multiple-choice questions on the topic Present Perfect. Each question must assess a different skill of this topic. Provide at least one question that assesses a common misunderstanding about this topic. Provide at least one question that is a practical application of the theory of this topic. Make each question have 4 options”*

The Chat GPT created this test:

Here are 5 complex multiple-choice questions on the topic Present Perfect:

1. Skill assessed: Identifying the correct form of present perfect tense.

Which sentence uses present perfect tense correctly?

- a) He had saw the movie last night.
- b) She has went to the store already.
- c) They have eaten lunch yet.
- d) I have written two essays this week.

Answer: d) I have written two essays this week.

2. Skill assessed: Understanding the difference between present perfect and simple past.

Which sentence uses simple past tense correctly?

- a) I have visited New York City five times.
- b) They ate breakfast at 7:00 this morning.
- c) She has danced in the recital every year.
- d) We have seen that movie last week.

Answer: b) They ate breakfast at 7:00 this morning.

3. Skill assessed: Applying present perfect tense to real-life situations.

Which sentence uses present perfect tense correctly in a job interview?

- a) I worked at a café last summer.
- b) I have gained valuable customer service experience at my previous job.
- c) I am working on improving my communication skills.
- d) I will start college in the fall.

Answer: b) I have gained valuable customer service experience at my previous job.

4. Skill assessed: Identifying common misunderstandings about present perfect tense.

Which sentence shows a common misunderstanding about present perfect tense?

- a) I have been to Paris for three weeks in 2015.
- b) She has bought a new car last month.
- c) He has played soccer since he was five years old
- d) We have seen the movie twice already.

Answer: b) She has bought a new car last month.

5. Skill assessed: Evaluating the importance of present perfect tense.

Which sentence explains why present perfect tense is important for English learners to master?

- a) It is only used in academic writing and formal speech.
- b) It is a necessary component of the English language and is used in a variety of contexts.
- c) It is rarely used in everyday conversation, so it is not essential to learn.
- d) It is an outdated grammatical structure and is no longer necessary to use.

Answer: b) It is a necessary component of the English language and is used in a variety of contexts.

Бірақ бұл Chat GPT көмегімен орындауға болатын тапсырмалардың бірнеше мысалдары ғана. Мүмкіндіктер шексіз және бәрі сіздің шығармашылық көзқарасыңызға және тәжірибе жасауға дайын екеніңізге байланысты. Мысалы, сіз GPT чатын оқушыларға сөзді немесе сөз тіркесін енгізу және GPT Чатынан дұрыс айтылымды жасауды сұрау арқылы жаңа тақырыптарды үйренуге көмектесу үшін пайдалана аласыз.

Сонымен қатар, GPT чаты оқушылар жазылым тақырыбын енгізу арқылы жазу дағдыларын үйрене алады. GPT чаты оқушыға үлгі ретінде дайын эссе бере алады немесе оқушының эссесін тексеріп бере алады. Жіберген қателерін анықтап, оның қалай жөндеуге болатынына дейін сұрай алады. Бұл оқушыларға өздік жұмыс ретінде таптырмас практикалық тапсырма болатыны сөзсіз.

Қорытындылай келе, GPT чаты-бұл қазіргі заманғы оқытуды жеңілдететін және қызықты ете алатын құнды құрал. Сіз оны сабақ жоспарын құру, сабақ тапсырмаларын алу, тест сұрақтарын немесе басқа тапсырмаларды орындау үшін пайдалансаңыз, GPT чаты оқушыларыңыздың тиімді оқуын қамтамасыз ете отырып, уақыт пен

күш-жігерді үнемдеуге көмектеседі. Дегенмен, GPT чаты мұғалім рөлін баса алмайтынын есте ұстағанымыз жөн. Оқушының толық әлеуетіне жетуге көмектесу үшін бізден жеке кері байланыс, үнемі қолдау сұралады.

ШЕТЕЛ ТІЛІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кенжебаева Балжан Абдыллаевна,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
№19 мектеп-гимназия,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



Добрый день, уважаемые коллеги. Меня зовут Кенжебаева Балжан, и я очень рада участвовать в этой конференции. Я надеюсь, что эта конференция может быть полезной для всех нас. И я постараюсь сделать следующие 30 минут более эффективными.

Моя сегодняшняя тема – «Организация процесса обучения иностранному языку с использованием современных методик».

В системе маркетинга потребности клиентов чрезвычайно важны.

Когда мы говорим о современных методах, мы должны думать о наших студентах, кто они и каковы их потребности.

Сейчас учителя работают с совершенно другим поколением студентов, школьников.

